Мотивационно-ценностный компонент включает в себя: систему знаний, убеждений, потребностей и мотивов, интересов и отношений, организующих и направляющих волевые усилия личности, познавательную и практическую деятельность по овладению ценностями, нацеленность на самосовершенствование. Ученые полагают, что сущность мотивационно-ценностного компонента заключена в возможности формирования у субъекта осознанной потребности в осуществлении выполняемой деятельности.

С нашей точки зрения, мотивационно-ценностный компонент раскрывается через творческое отношение и интерес обучающихся к постижению будущей профессии, ориентацию на достижение высоких результатов в профессиональной деятельности, систему смыслов личности, уровень ее целей, притязаний и потребностей.

Проявляя исследовательскую самостоятельность, обучающиеся осуществляют поиск личностного смысла выполняемой ими деятельности, ее ценности и значимости; проходят и осознают путь самостоятельного научного поиска, творческих решений и открытий; осознают самостоятельно найденную научную истину как ценность.

Приоритетными мотивами обучающихся являются: потребность в овладении исследовательскими знаниями и умениями, готовность к их применению в процессе проявления исследовательской самостоятельности; стремление к профессиональному саморазвитию и интеллектуальному совершенствованию, к высокой самоактуализации и успешной самореализации личностно-творческого потенциала будущего специалиста, профессионала своего дела.

Очевидно, что исследовательская самостоятельность не может быть проявлена без наличия у обучающихся специальных знаний и умений, необходимых для выполнения исследовательской деятельности.



Этот факт явился основополагающим в контексте определения нами следующего содержательного компонента исследовательской компетентности – когнитивного. Когнитивный компонент характеризуется совокупностью предметных, методических и технологических знаний, интегрирующихся в общие и специальные знания, необходимые для выполнения конкретного рода деятельности.

Целью когнитивного компонента, по мнению ученых, является приобретение субъектом знаний, умений и навыков, необходимых ему для выполнения определенного рода деятельности, а также знаний методов и способов, необходимых субъекту для их формирования. В качестве очередного компонента исследовательской компетентности мы рассматриваем содержательный компонент, который является теоретическим фундаментом, включающим в себя не только систему необходимых знаний и умений, но и способность их приобретения.

Характеристикой содержательного компонента, по нашему мнению, является определение для обучающегося необходимого для усвоения базового набора теоретического и практического инструментария, представленного в виде сгруппированных по своему назначению и содержанию соответствующих знаний, умений и навыков.

**Дискуссия.** Сегодня мы говорим об учителе, как творческой индивидуальности, который имеет оригинальное педагогическое мышление, критическое мышление. Современный педагог – исследователь, создатель новых программ, технологий, методик, способный интерпретировать информацию в новых педагогических условиях на основе диагностики целеполагания и рефлексии [11].

Стратегию педагогического образования составляют развитие и саморазвитие личности, способной свободно ориентироваться в сложных социокультурных обстоятельствах, ответственно и профессионально действовать в соответствии с требованиями современности. Эта позиция очень четко определена в работах В.А. Сластенина. Так, он пишет: « Становясь центральным феноменом культуры, современное образование ориентируется на утверждении личностного, сущностного начала в человеке. То есть на такую личность, которая не только владеет определенной суммой знаний, но и способна к дальнейшему совершенствованию, саморазвитию, самореализации. Налицо новая тенденция, связанная с приоритетом человеческого начала, требующая формирования новых гуманистически ориентированных, гуманитарных подходов к воспитанию современных специалистов» [2].

Основное противоречие в образовательном процессе сегодня проявляется в отношениях «старого» и «нового», т.е. традиционного и инновационного. Развитие образовательного процесса обеспечивают, с одной стороны, нововведения, с другой – обязательные устойчивые компоненты, которые впоследствии складываются в педагогические традиции.

В связи с этим одной из важнейших становится проблема формирования нового педагогического сознания. Именно мировоззрение, как система принципов, ценностей, идеалов и убеждений, ведущих направление деятельности и отношение к действительности, определяет выбор специалистом той или иной методологии и теоретической концепции, обуславливающей пути и способы ее реализации на практике.

Мировоззрение как основополагающее личностно-профессиональное качество специалиста имеет еще один немаловажный аспект: порождаемые им глубинные установки проецируются учителем (сознательно или бессознательно) не только на сущность педагогического процесса, на других участников педагогического взаимодействия, но и на собственную личность.

В школе №76 города Алматы на постоянной основе проводится семинар, на котором обсуждаются вопросы поиска новых форм организации и социализации учебного процесса, доведения до слушателей алгоритма проведения исследования, его основополагающих этапов, рекомендаций источников и обзора необходимой для изучения научной литературы. Коллектив педагогов школы исходит из того, что педагогическое самообразование и научно-методическая, исследовательская работа являются необходимыми факторами ее оптимального функционирования и развития. И ее назначение – совершенствование профессионального мастерства педагогического коллектива.

Базовыми функциями научно-методической работы данной школы являются:

- Информационно-инструктивная, обучающая функция;
- Оказание помощи педагогам в научном осмыслении и проектировании своей педагогической деятельности, ее перспектив, путей совершенствования;
- Обобщение, пропаганда и распространение передового педагогического опыта;
- Стимулирование педагогического самообразования и педагогического творчества администрации и учителей.

**Основной элемент педагогического творчества учителя в современной школе, показатель ответственности, способностей и таланта – это исследовательская деятельность педагога.** Исследовательский творческий поиск, отмечает А.И. Савенков, важен для человека с двух точек зрения: «с точки зрения получения какого-либо нового продукта и с точки зрения значимости самого процесса поиска.

Человек способен испытывать, и испытывает истинное удовольствие не только от результатов творчества, но и от самого процесса творческого, исследовательского поиска» [5]. А.К. Маркова определяет исследовательскую компетентность как обладание способностью и умениями выполнять определенные трудовые функции [6].

Обязательность формирования и развития исследовательских навыков педагога на сегодняшний момент обусловлено тем, что учение воспринимается как процесс умственного развития обучающихся, а не как процесс запоминания. Помимо этого используется исследовательский и технологический подходы в построении процесса обучения и воспитания, а также формирование устойчивой потребности в саморазвитии.

Учитель в современном педагогическом процессе примеривает новые роли – коуча, тренера, модератора, фасилитатора, которые способствуют:

1. Эффективности реализации жизненных целей, полному раскрытию индивидуальности;
2. Согласованности целей, мотивов и способов действий;
3. Выбору методов и приемов, позволяющих наиболее эффективно достичь целей профессиональной деятельности;
4. Созданию ситуаций освоения учащимися всех стадий рефлексии (самосознания, самоопределения, самовыражения, самоутверждения, самореализация и саморегуляция).

Для выполнения этих задач педагогу необходимо сделать акцент на развитии исследовательских компетенций. Мы считаем, что именно педагог, обладающий исследовательской культурой, может выступать как ресурс обеспечения качества образования школьников.

Поэтому, для того чтобы сделать процесс развития исследовательской компетентности педагогов более эффективным, перед школой стоят следующие задачи:

- обеспечить обучение педагогов навыкам исследовательской деятельности;
- проводить индивидуальное научно-методическое консультирование;
- осуществлять научное руководство исследовательской деятельности педагога;
- целенаправленно формировать профессиональное самосознание учителя;
- организовывать учебно-воспитательный процесс с учетом влияния объективных условий школы.

В ходе реализации исследовательской деятельности, направленной на раскрытие творческих возможностей учителей (а вместе с тем и учащихся), коллектив столкнулся с определенными трудностями:

- адаптация педагогов к исследовательской деятельности. Определение учителями личной траектории профессионального развития на основе усвоения исследовательских компетенций;
- обеспечение качества образования учащихся, что проявляется;
- в выработке у учащихся навыков самостоятельной рефлексивной деятельности;
- в повышении внутренней мотивации и познавательной активности учащихся;
- в развитии критического мышления, творческих способностей учащихся.

Работа педагогического коллектива школы позволила рассмотреть и систематизировать имеющуюся информацию о профессиональной деятельности учителя, выделить блоки, характеризующие различные стороны педагогической деятельности, уровни профессиональной компетентности и готовности к инновационной (в данном случае исследовательской деятельности) каждого учителя. Ведь решающее значение в подготовке к исследовательской деятельности и дальнейшей профессиональной квалификации учителя имеет не столько объем знаний, сколько их систематичность, подвижность, умение использовать их творчески в измененных условиях работы школы. Нарботки по данным вопросам позволяют создавать условия в школе для саморазвития учительского коллектива. Тем более что инновационная, исследовательская, экспериментальная деятельность является средством влияния на педагогический процесс и его результаты, фактором развития школы; инновационная деятельность не дает сиюминутных положительных результатов. Она способствует неординарности и индивидуальности опыта, квалификации педагогического мастерства учителя.

**Заключение.** Таким образом, данная школа сегодня формирует учителя новой формации, выполняя при этом ряд функций:

– Обучающая функция ориентирована на углубление знаний и развитие навыков специалистов, необходимых для совершенствования их профессиональной деятельности;

– Консультационная функция предполагает оказание помощи педагогу по поводу конкретной проблемы через указание на возможные способы ее решения или актуализацию дополнительных способностей педагога;

– Психотерапевтическая функция имеет своей задачей содействие педагогу в преодолении различного рода психологических барьеров и затруднений, препятствующих успешному осуществлению профессионально-образовательной деятельности;

– Коррекционная функция направлена на изменение реализуемой специалистом модели практической деятельности, а также на исправление допущенных профессиональных ошибок;

– Адаптационная функция обеспечивает согласование ожиданий и возможностей работника с требованиями профессиональной среды и меняющимися условиями трудовой деятельности.

Подводя итоги, можно с уверенностью сказать, что важнейшим условием повышения качества образования является создание условий, активизирующих профессионально-познавательный поиск педагога, способствующий развитию его творческого потенциала, профессиональной компетентности и исследовательской культуры педагогов.

Также можно утверждать, что качество подготовки педагогических кадров в значительной степени зависит от успешного решения вопроса отбора абитуриентов на обучение в педагогическом университете, практической подготовки, трудоустройства и закрепления выпускников на рабочем месте. Очевидно, что главным критерием отбора на педагогические специальности должны быть не только глубокие знания по тому или иному предмету, а наличие у будущего педагога необходимых для педагогического труда качеств, черт характера, таких как: уметь видеть и формулировать проблему (в личном и профессиональном плане), находить пути рационального ее решения; грамотно работать с информацией (уметь собирать необходимые факты, анализировать их, делать аргументированные выводы), предотвращать любые конфликтные ситуации и уметь из них выходить, самостоятельно работать над развитием интеллекта, повышением культурного уровня.

Таким образом, качество образования определяется не только объемом знаний, но и параметрами личностного, мировоззренческого, гражданского развития.

*Список использованной литературы:*

1 Закон Об образовании РК №319-III от 27.07.2007 года с изменениями, внесенными законами РК от 02.07.2018 №165-VI: [https://kodeksy-kz.com/ka/ob\\_obrazovanii/11.htm](https://kodeksy-kz.com/ka/ob_obrazovanii/11.htm)

2 Слостенин В.А. Современные подходы к подготовке учителя // Педагогическое образование и наука. – 2000. – №1. – С.75-78.

3 Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебник для вузов. – М.: Логос, 2000. – 384 с.

4 Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результата образования // Высшее образование сегодня. – 2003. – №5. – С.34-42.

5 Савенков А.И. Проблема компетентности в педагогической психологии и современном образовании // Педагогика и Психология. – 2010. – №1. – С.17-24.

6 Маркова А.К. Модель профессиональной компетентности учителя в соответствии со стандартами образования // Завуч. – 2001. – №4. – С.113-126.

7 Кдырбаева А.А. Методологические аспекты подготовки будущих специалистов начального образования к профессиональной деятельности // Педагогика и Психология. – 2012. – №1. – С.94-98.

8 Кдырбаева А.А., Рябова Е.В. Формирование профессиональных качеств будущих учителей начальных классов через работу с текстовым материалом // Материалы VII Международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы дошкольного и начального образования». – Казань, 2018. – С.367-372.

9 Выготский Л.С. Психология развития ребенка. – М.: Смысл, 2004. – 512 с.

10 Программа развития образования Республики Казахстан 2011-2020 гг. – Астана, 2010.

11 Данильченко В.М. Образование нового времени.

[http://www.kt-lospo.com/study/obrazovanie\\_novogo\\_vremeni.htm](http://www.kt-lospo.com/study/obrazovanie_novogo_vremeni.htm)

12 Каптерев П.Ф. Избранные педагогические сочинения: под ред. А.М. Арсеньева. – М.: Педагогика, 1982. – 704 с.

МРНТИ 14.39.07

Г.Т. Садуақасова<sup>1</sup>, С.З. Нишанбаева<sup>2</sup>, А.Т. Туралбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

<sup>2</sup>Алматы университеті

## ОТБАСЫЛЫҚ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ГЕНЕЗИСІ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада теориялық талдаулар барысында отбасы-адамгершілік құндылықтардың даму эволюциясы және генезисі төрт кезеңге бөлініп жіктеледі. Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі «Отбасы» ұғымына контент-талдау (1975-2015 жж.) ұсынылып, «отбасы», «отбасы-адамгершілік құндылықтар» ұғымдарының құрылымы философиялық, тарихи-әлеуметтік, педагогикалық-психологиялық тұрғыдан сипатталады. «Отбасы», «отбасы-адамгершілік құндылықтар» ұғымдарына анықтамалар беріліп нақтыланады. Теориялық-әдіснамалық зерттеулер қоры негізге алынып, ЖОО-дағы студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға байланысты экспериментті ұйымдастыру алгоритміне сай әдістер бойынша диагностика жұмыстары жүргізілді. Студенттердің «отбасы құндылықтары» жайлы теориялық білімдерінің деңгейін зерттеу мақсатында анықтау эксперименті ұйымдастырылды. Ш.Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесін жүргізу негізінде сауалнама алынып нәтижесі талданды.

**Түйін сөздер:** отбасы генезисі, құндылықтар, отбасы-адамгершілік құндылықтар, адамгершілік мінез-құлық, үйлесімділік.

Г.Т. Садуақасова<sup>1</sup>, С.З. Нишанбаева<sup>2</sup>, А.Т. Туралбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

<sup>2</sup>Университет Алматы

## ГЕНЕЗИС И СТРУКТУРА СЕМЕЙНО-ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ

*Аннотация*

В данной статье в ходе теоретических анализов эволюция и генезис развития семейно-нравственных ценностей классифицируются на четыре этапа. Контент-анализ понятия «семья» в трудах казахстанских ученых (1975-2015 гг.) представленная структура понятий «семья», «семейно-нравственные ценности» характеризуется философским, историко-социальным, педагогико-психологическим аспектом. Уточняются определения понятий «семья», «семейно-нравственные ценности». На основе фонда теоретико-методологических исследований проведена диагностика по методам, соответствующим алгоритму организации эксперимента в условиях формирования семейно-нравственных ценностей студентов вуза. Был организован эксперимент по определению уровня теоретических знаний студентов о «семейных ценностях». На основе проведения методики «анкета ценностей» Шварца был проведен опрос и проанализированы результаты.

**Ключевые слова:** генезис семьи, ценности, семейно-нравственные ценности, нравственное поведение, гармония.

## GENESIS, STRUCTURE OF FAMILY AND MORAL VALUES

### Abstract

In this article, in the course of theoretical analysis, the evolution and genesis of the development of family and moral values are classified into four stages. Content analysis of the concept of «family» in the works of Kazakh scientists (1975-2015) the presented structure of the concepts of «family», «family and moral values» is characterized by a philosophical, historical, social, pedagogical and psychological aspect. The definitions of the concepts «family», «family and moral values» are clarified. Based on the Fund of theoretical and methodological research, diagnostics was carried out using methods that correspond to the algorithm for organizing an experiment in the conditions of forming family and moral values of University students. An experiment was organized to determine the level of theoretical knowledge of students about «family values». Based on the «values questionnaire» method, a survey was conducted and the results were analyzed.

**Keywords:** genesis of the family, values, family and moral values, moral behavior, harmony.

### Кіріспе.

Бүгінгі ұлттық білім беру жүйесін отбасының құнды өміріне белсенді қатысуынсыз модернизациялау мүмкін емес. Сондықтан қазақстандық қоғамның трансформациясы мен модернизациясы, оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету отбасын тұлғалық және қоғамдық құндылық ретінде қабылдаудың қажеттілігін зерделеудің маңызы зор. Бұл қоғамның қазіргі заманғы даму кезеңдерінде отбасы институтында туындап жатқан күрделі мәселелермен, яғни отбасы институтына қатынастың өзгеруі, отбасын әлеуметтік және тұлғалық құндылық ретінде қарастырудың қажеттілігі түсіндіріледі. Ендеше отбасылық құндылықтарды қалыптастырудың негіздеріне сай білім қоры орта білім беру жүйесінен бастап, жоо-да білім алушыларды отбасы-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеуде тұлғаны өмірлік белсенділікке апарудағы үлес салмағы болмақ.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылатын, жалпы адамгершілік құндылықтары негізінде білім алушылардың рухын дамыту үшін жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі билеуіне, азаматтық және кәсіптік тұрғыдан құндылықтарының қалыптасуына көмек көрсетуге, жеке адамның өзін-өзі жетілдіру үшін жағдай жасауға бағдарланған нысаналы қызмет ретінде қарастырылады [1]. Мұндағы қызметтер өз кезегінде білім алушыларды азаматтыққа, адамгершілік құндылықтарға бай етіп қалыптастыруды қоғам алдында міндеттеп отыр.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) басты мақсаты – «...тұлғаны оқыту мен тәрбиелеу барысында жалпы адамзаттық құндылықтарға мән беру» деп көрсетіледі [2]. Осыған сәйкес, ЖОО-дағы тәрбие ісінің тұжырымдамаларында студенттердің адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру білім берудегі бірінші басымдық ретінде айқындалады, ал танымдық, кәсіптік, отбасылық, рухани-мәдени, қоғамдық-саяси салаларда өзін-өзі жетілдіруге қабілетті, біліктілігі жоғары маманды даярлау – бұл тіршілік етудің негізі болады.

Демек, біз мақала мазмұны барысында отбасы-адамгершілік құндылықтарының философиялық бастауын, оның генезисін және педагогикалық-психологиялық тұрғыдан негізгі категориялар болатын «отбасы», «отбасы-адамгершілік құндылықтар» ұғымдарының құрылымдарын қарастыруды, нақтылауды жөн көреміз.

**Зерттеудің әдіснамасы.** Отбасы-адамгершілік құндылықтардың мәнін ашатын ғылыми қорды жүйелеу, жинақталған тәжірибені талқылап, қорытындылау мақсатында педагогикалық, психологиялық, философиялық, әлеуметтік ғылыми әдебиеттерге талдау жасауда тарихилық қағидасының маңызды ерекшелігіне назар аударылды. Өйткені, тарихилық құбылыстардың қалыптасуы мен дамуын нақты тарихи жағдайларға байланысты анықтайтын таным қағидасы. Тарих нәтижесі объективті заңдылықтар жолымен өтетіндіктен, даму эволюция және генезис арқылы айқындалып, олардың бір-бірімен өзара байланысын көрсетеді.

«Генезис» гректің «genesis» сөзінен шыққан, шығу, пайда болу деген мағынаны білдіреді. Ол құбылысты, затты, түрді белгілі бір күйге алып келетін дамудың пайда болу үрдісі деп анықталады. Генезис көбінесе, ескінің негізінде жаңаның алғышартының пайда болуы деп те саналады [3].

Сонымен жаңа заттың қалыптасуын, оның эволюциялық жолмен дамуын XIX ғасырдың екінші жартысында ғылымға енген «иерархия» ұғымы арқылы бейнелеп көрсетуге болады. Ол ғылым теориясында ұйымдастыру қызметінің тиімділігін қамтамасыз ететін басқару қағидасы ретінде қолданылады.

«Иерархия» (грекше hierarchia, hieros – қасиетті, arche – билік) – тұтастық бөліктерін немесе элементтерін жоғарыдан төменге ретімен орналастыру деген мағынаны білдіреді [4].

Бүгінде отбасы статусы мазмұны жағынан иерархиялық тұрғыдан әртүрлі тарихи-әлеуметтік деңгейге ие. Әрбір тарихи дәуір әлеуметтік реттеудің жоғары деңгейі ретінде қатысатын құндылықтар иерархиясы және олардың өзіндік ерекше жиынтығымен сипатталады. Құндылықтар жүйесі қоғамның тарихи дамуында қалыптасады және өзгереді. Адамның құндылықтар жүйесі оның әлемге деген қарым-қатынасының негізі болып табылады.

Сондықтан, адамзаттық өзара қарым-қатынас тарихында тамыры терең, ерекше орын алатын отбасының өмірге ұрпақ әкелу және оны тәрбиелеу, билікті бөлісу функциялары секілді негізгі өзекті мәселелерін тарихи-философиялық тұрғыдан түсіндіру отбасы тұжырымдамасының генезисі мен эволюциясының маңызды кезеңдерін қарастыруды талап етеді.

Осы орайда ретроспективті, тарихи-салыстырмалы логикалық талдау нәтижесі ғылымдағы отбасының адамгершілік құндылықтар генезисін төмендегідей «иерархиялық сатыларға» бөліп қарастыруға мүмкіндік береді:

- бірінші иерархиялық саты «Дәстүрлі кезең» деп аталады – б.э.д. V ғ. бастап - XIX ғ. ортасына дейін;

- екінші иерархиялық саты «Классикалық сциентистік кезең» деп аталады - XIX ғ. ортасынан бастап - XX ғ. 20-шы жылдарына дейін;

- үшінші иерархиялық саты «Классикалық емес сциентистік кезең» деп аталады - XX ғ. екінші және үшінші жартысына дейін;

- төртінші иерархиялық саты «Постклассикалық емес сциентистік (заманауи) кезең» деп аталады - XX ғ. төртінші жартысынан бастап бүгінгі дейінгі уақыттарды қамтиды (1-сурет).


Суретте көрсетілген кезеңдерге оны зерттеген ғалымдар еңбектеріне сүйене отырып, салыстырмалы сипаттама беру отбасы институты мәселесінің тарихи типтерінің сан алуан түрлі факторлардың әсерімен қалыптасқанын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Сондықтан әрбір кезеңнің ішінде отбасын зерттеудің әртүрлі тұжырымдамалық тұғырлары сараланып, талдау жасалады [5].

1. Отбасы тұжырымдамасы дамуының дәстүрлі деп аталатын бірінші кезеңі б.э.д. V ғасырдан XIX ғасырдың ортасына дейінгі уақытты қамтиды. Бұл кезеңде отбасының әлеуметтік-философиялық тұжырымдасында отбасы концептуалды тұрғыдан зерттеледі. Сондықтан осы кезеңге тән сипаттаманың бірі – патриархалды отбасы қоғамының бастапқы «клеткасы» ретінде отбасында адамның өз ұрпақтарын жалғастыруы қарастырылады. Антикалық дәуірден Жаңа кезеңге дейін отбасы тұжырымдамасы метафизикалық тұғырға сүйене отырып талқыланады.

Белгілі болғандай, отбасы педагогикасы философия ғылымымен тығыз байланысты. Философия табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтарын зерттейді, өмір шындығын танып білу жөніндегі көзқарастың негізгі жүйесі.

Ежелгі философ Платон (б.э.д. 428-347 жж.) отбасы, құндылық мәселесін алғаш қарастырып, патриархалды теорияның негізін қалаушылардың бірі болды. Ол «отбасылық қатынастар табиғи үрдіс емес жасанды, дәстүр адамдарды отбасын құруға мәжбүр етеді, болмаса адам некеге тұрмай-ақ қойса да болады» деп есептейді. Философтың пікірінен біз, өмір салтының, соның ішінде құндылықтарды қайта қараудың қажет екендігін түсінеміз [6].

Аристотель (б.э.д. 384-322 жж.) өз еңбектерінде: «әйел адамның табиғаты аса эмоционалды, ал ер адамның табиғаты рационалды дей отырып, олардың табиғатын бөліп қарастырады. Сондықтан қоғамда ғана емес, отбасында да еркек пен әйелдің рөлі гендерлік белгілері бойынша ажыратылуы тиіс. Отбасы адамдардың ұрпақтарын жалғастыруына талпындыратын, одақ құруының мемлекеттік әрі табиғи қажеттілігі» - деп тұжырымдайды. Бізге белгілісі, Аристотель отбасы адам табиғатына жауап беретін және мемлекеттің алғашқы құрылымы деген идеяны дамытқандығында болып отыр [6, 84 б.].



Сурет 1- Отбасылық құндылықтар генезисі

Гегель «Философиялық пропедевтика» деген еңбегінде отбасын табиғи қоғам ретінде мүшелері сүйіспеншілікпен, сеніммен және табиғи бағынушылықпен байланысқан деп көрсетеді. Ойшыл отбасын табиғи тұтастық, ал некені діни акт ретінде ұсына отырып, отбасының рухани, әлеуметтік негізіне, оның даму және қызмет ету үрдісіне ерекше мән беріп, адамгершілікті нақты түрде көрсететін қоғамдық және жекелік қажеттілік ретінде анықтайды [7].

Л.Морган «Ежелгі қоғам» (1877) еңбегінде отбасының қоғам мен мемлекеттің дамуымен бірге өзгертін тарихи құбылыс екенін айқындап, отбасылық қауымдастық мүшелері арасындағы өзара қарым-қатынас, отбасылық қатынастардың дамуы мен қалыптасу тарихы бойынша деректі материалдар жинақтап қорытындылаған [8].

У.Гуд «Отбасы үлгілері мен әлемдегі индустриалды төңкеріс» деген кітабында классикалық дәстүрлі отбасын нақты бейнелейді: «Отбасының шаруашылығы, экономикалық дербестігі, мүлкі секілді көп қызметтері бар. Отбасының негізгі мүшесі әке қатал әрі байсалды, өйткені шешімді ол қабылдайды. Ана әсершіл және тұрмысты ұйымдастыруда дана, отбасында ауызбіршілік бар, бірақ өмір қиындыққа толы. Жастар ерте отау құрады, некеге адал, сондықтан ажырасу жоқ», деп түсіндіреді. Ғалымның бұл пікірінен отбасылық өмірде ана мен әкенің нақты атқаратын функцияларын бөліп көрсеткендігін аңғарамыз [9].

О.Конт «отбасы тұжырымдамасында қоғамды отбасы арқылы тану керек, өйткені отбасы - адамзат тегін жалғастырушы. Адамзаттың сақталуы әлеуметтік ұйымдасу әрекетінің қорытындысы, әлеуметтік жүйенің табысты нәтижесі. Сондықтан адамның өндірістік әрекетін түсіну үшін отбасын зерттеу қажет» - деп түйіндейді. О.Конттың пікіріне сүйенсек, әлеуметтік ұйымдасу әрекеті нәтижесінде тұлғаның әлеуметтену үрдісі отбасында басталатындығын байқауға болады [10].

2. *Классикалық сциентистік* кезеңде отбасы тұжырымдамасының дамуында нақты ғылыми, алдымен әлеуметтік, сосын психологиялық тұжырымдамалар басымдылық көрсетеді. Бұл кезең XIX ғасырдың ортасынан басталып XX ғасырдың 20-шы жылдарын қамтиды.

Осы тұста философиялық бағыт ретінде сциентизмге анықтама беруді жөн көрдік. Сциентизм – бұл ғылымға тұрақты бағдар ретінде ғылым барлық туындаған мәселені шеше алады деген сенімге жүгінуді білдіреді. Ол XIX және XX ғасырларда ғылымның қарқынды дамуына байланысты реакция ретінде пайда болған.

Сондықтан отбасы тұжырымдамасының дамуының классикалық сциентистік кезеңі осы уақыт-тардағы ғылымның жетістіктеріне негізделді, отбасын зерттеудің әртүрлі эволюциялық, эмпирикалық (қолданбалы) және функционалдық тұғырлары қалыптасты.

Э.Гидденс нақты-тарихи формадағы отбасы институтының динамикасын, тенденциясын, перспективасын құндылықтардың әлеуметтік-мәдени сабақтастығын, отбасының рөлін, некелік-отбасылық қатынастың дәстүрлі және альтернативті арақатынасы мәселелерін зерттеді. Оның пікірінше, «отбасы - бұл бірін-бірі әлеуметтік, экономикалық немесе психологиялық (махаббат, қамқорлық, бауыр басу) тұрғыдан үнемі қолдайтын, құрамы бірнеше адамдардан тұратын қоғамның ұйытқысы» болмақ. Э.Гидденстің пікіріне сүйенсек, отбасын қоғамның ұйытқысы ретінде санап, онда бір-бірін қолдаушылардың болуының өзі, дұрыс қарым-қатынас жасау, жақсы көңіл-күйдің, психологиялық денсаулықтың, шығармашылық іс-әрекеттің негізі екендігін аңғарамыз [11].

3. *Классикалық емес сциентистік кезең XX ғасырдың екінші және үшінші жартысын қамтиды.* Бұл кезеңде отбасын зерттеудің бұрынғы концептуалды тұғырлары түрлендіріліп, жаңа тұғырлардың пайда болуына алып келеді. Сондықтан отбасы мәселесі классикалық эволюциялық тұрғыдан өзіндік ерекшелігі бар жалғасы ретінде қалыптасқан әлеуметтік-психологиялық, құрылымдық-функционалдық, институционалдық-тарихи тұғырлар негізінде зерттелінді.

А.И. Антоновтың пікірінше, отбасының әлеуметтік статусы қоғамның талап етуімен, әлеуметтік институт ретінде саяси, экономикалық және әлеуметтік саласындағы отбасы «жұмысының» тиімділігімен анықталады. Өкінішке орай, бүгінде отбасының қызметтері қоғамдық қажеттіліктерге сәйкес емес, ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде, әлеуметтік-мәдени және экономикалық – кәсіптік капиталды беруде отбасы мүмкіндігі әлсіреді [12].

Зерттеушілердің пікірінше, отбасының институционалдық дағдарысы дамушы елдерде XX ғасырдың екінші жартысында отбасының негізгі қызметінің орындалмауымен байланысты көрініс тапты деп есептейді. Отбасының құлдырауының тұлға мен отбасына, маңызды әлеуметтік институттарға ықпалы, алдымен, қоғамдық пікірдегі отбасылық өмір салтының беделінің, маңызының шұғыл төмендеуімен, мемлекеттік, коммерциялық, қоғамдық, діни ұйымдар үшін іс-әрекеттердегі құнды басымдылықтардың түбегейлі өзгерістерімен, өмірлік құндылықтардың жеке жүйесінің трансформациялануымен байланысты.

Э.Муньенің пікірінше, «отбасының мәні қоғамдық және жеке өмірді байланыстыратын орта ретінде болуы керек. Осындай делдалдық рөлінің арқасында отбасы тұлға әлемінің өзегіне айналады. Отбасының маңызды сипаты оның рухани-адамгершілік негізі, ерлі-зайыптылар мен балалардың өзара шығармашылығын жүзеге асыруға бағытталған қоғам құру. Мұндай қоғам, егер адамдар оған бар ынтасымен талпынған жағдайда қалыптасады, сондай қоғамның сәулесімен нұрланған жағдайда ғана отбасы рухани қауымдастық болып саналады» делінген. Ендеше біз, отбасы үшін адамгершілік құндылықтардың маңызын жоғары деп санаймыз. Өйткені, отбасындағы адамгершілік құндылықтар және психологиялық ахуал бала үшін адамдармен қатынастың алғашқы мектебі екені анық. Ғалымның пікірінен, отбасылық тәрбиедегі өмірлік іс-әрекеттер: танымдық және интеллектілік, еңбектік және қоғамдық, құндылық бағдарлау, көркем-шығармашылықты болмақ деп қорытынды шығарамыз [13].

4. *Постклассикалық емес сциентистік (заманауи) кезең XX ғасырдың төртінші жартысынан бастап бүгінгі уақытқа дейін қамтиды.* Заманауи кезең отбасын зерттеудің көптеген сан алуан түрлі тұжырымдамалық тұғырларымен сипатталады. Бұл кезеңде отбасы мәселесі әлемдік деңгейдегі философиялық, әлеуметтік, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлер мен жаңа идеяларға негізделіп зерттелінеді.

Сонымен отбасы институты эволюциясының ерекшеліктеріне сипаттама беру және жан-жақты талдау нәтижесі отбасы институтының эволюциясында билікті бөлу, тұрғылықты мекен, мұрагерлік тәсілмен берілген мүлік сияқты параметрлермен отбасы және неке формаларының перманенттік ауысуы болған деп тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Жоғарыда бөліп көрсетілген және сипатталған тұғырлардың ішінде, отбасының тарихи үрдістегі ауысуын зерттеудің кеңінен таралған екі тұжырымдамалық тұғырларын, атап айтқанда, эволюциялық және функционалдық тұғырларды бөліп көрсетуге болады.

Мақаламыздың мазмұнында 1975-2015 жылдар аралығындағы қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі «отбасы» ұғымына контент талдау жасалды. Ғалымдар «отбасы» категориясының мәнін ашып көрсетеді (1-кесте).



Кесте 1 - Қазақстандық ғалымдардың еңбектеріндегі «Отбасы» ұғымына контент-талдау (1975-2015жж.)

Авторлар	Анықтама	Дереккөз
	3	4
Рысбаев Х.А.	Отбасы – бұл ерлі-зайыптылар (әке- шешесі) некесіне, олардың балалары мен басқа қандас туыстарының рухани байланысына, тұрмыстық және моралдық жауапкершілік ортақтығына негізделген қоғамдастық.	Қазақстан отбасы және неке: тарих ғылым. докторы, автореф. дисс. - Алма-Ата, 1975. -130б.
Оянбаев Ж., Қоянбаев Р.М.	Отбасы – некемен немесе қандас туыстықпен байланысқан, бірге өмір сүретін туыстар тобы (ата-ана, балалар, т.б.).	Педагогика. - А.: Жалын, 1985. - 276б.
Қоңырбаева С.С.	Отбасы – құрамы өзара туыскандықпен байланысқан, өзара қарым-қатынас пен өзара жақын топтың әлеуметтік бірлестігі	Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары: Алматы, 2008.
Қазақстан Республикасындағы неке және отбасы Кодексі.	Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, қайын жұрттан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар мен міндеттерге байланысты және отбасы қатынастарын нығайту мен дамытуға жәрдемдесуге тиісті адамдар тобы.	Қазақстан Республикасындағы неке және отбасы Кодексі. - Алматы: Аян Элет, 2003.
Коджаспирова Г.М.	Отбасы мүшелері некелік немесе туыстық, тұрмыстық ортатықпен, өзара моралдық және материалдық жауапкершілікпен байланысқан кіші әлеуметтік топ.	Педагогикалық сөздік. - М., 2003.
Шүйіншина Ш.М.	Отбасы – дүниеге келген жас нәрестеге әлеуметтік орта тәжірибелерін беретін басты институт	Отбасы мен мектеп: білім сапасы/. Монография.- Алматы, 2009.
Оразбекұлы Қ.	Жанұя – бұл өркениет мәдениетін тудырып, жасаушы және соның нәтижесі. Ол қоғам дамуының аса маңызды әлеуметтік, экономикалық қайнар көзі болып табылады және қоғамның басты байлығы – жаңа формация адамын қалыптастырады.	Отбасы тәрбиесі қанша кезеңге бөлінеді ? // Бастауыш мектеп. 2005.
Нұрманова Б.Ж.	Отбасы тәрбиенің дәстүрлі негізгі институты болып табылады. Отбасы – бұл баланың өмір жолындағы алғашқы саты. Отбасы тәрбиеленушілеріне мәдени - моральдық құндылықтарды береді және қабылдайды.	Ашық мектеп. - Алматы, 2009. - Б. 51-53.
Айсабекова Г.К.	Отбасы қоғамның негізгі әлеуметтік ұяшығы, онда адамгершілік, рухани, мәдени, физикалық дамуының негізі қаланады. Отбасында өмірлік бағдары мен құндылықтары, өзіне, өзге адамға, Отанға қатынасы қалыптасады.	Ашық мектеп. - Алматы, 2009. - С. 60-62.
Жаназарова З.Ж., Нурбекова Ж.А.	Отбасы – әлеуметтік институт, яғни адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастың тұрақты формасы, оның аясында олардың күнделікті өмірінің негізгі бөлігі іске асырылады: жыныстық қарым-қатынас, баланы өмірге әкелу, балаларды алғашқы әлеуметтендіру, тұрмыстың маңызды бөлігі, әсіресе балаға және ересек адамға қатысты білімдік және дәрігерлік қызмет көрсету.	Әлеуметтік жұмыстарға кіріспе. Оқу құралы. – Алматы, 2015. – С. 62, 75

Кестеде көрсетілгендей, жасалған контент-талдау «отбасы» категориясының көп қырлылығы мен көп мағыналылығын анықтайды. Ғалымдар өз еңбектерінде бұл ұғымның мазмұнын келесі мәнде: біртұтас жүйе; ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы өзара қарым-қатынас жүйесі; әлеуметтік институт; жақсылық жасауға үйренетін алғашқы орта, тәрбиенің дәстүрлі негізгі институты және тұлғаның базалық өмірлік тренингінің моделі мен формасы ретінде ашып көрсетеді.

Біз, әдіснамалық тұрғыдан отбасын әлеуметтік институт, кіші әлеуметтік топ, қоғамның әлеуметтік қауымдастық және экономикалық ұяшық формасы ретінде, сонымен қатар осылардың қайсысында дағдарыстың байқалатынын анықтаудың қажеттілігін көрсететіндігін негіздейміз. Біз, жоғарыда көптеген ғалымдардың «отбасы» түсінігіне берген тұжырымдарын негізге ала отырып, «отбасы» ұғымының құрылымын ұсынамыз (сурет 2).



Сурет 2 Отбасы ұғымының құрылымы

Жоғарыдағы ғалымдар пікірлерін талдау отбасы институты мен отбасы-неке қатынастардың перманенттік ауысуының адамзат тарихында және қазіргі қоғамдағы экономикалық, тарихи-мәдени, басқа да факторлардың ықпалдасқан жиынтығының әсерінен болғаны жөнінде тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Сонымен, отбасы ұғымы жайлы жоғарыда талданған зерттеулерге, ғалымдардың тұжырымдауларына сүйене келе, «Отбасы – адамдардың бір-бірімен үйлесімді, адамгершілік мәдениетін қалыптастыратын, өзара әрекеттестік, адамзат тегін жалғастырушы табиғи тұтастық ұжым» деп өз анықтамамызды береміз [14].

Жоғарыда айтылғандар адамзаттық қоғамның даму тарихы барысында отбасын құру және оның қызмет етуі мәселесі ең өзекті екендігін көрсетеді. Ф.Бэкон, Т.Гоббс, И.Кант, Ж.Ж. Руссо еңбектерінде отбасының мәні табиғи құқықтық және гуманистік теория тұрғысынан адамгершілік, бостандық және қажеттілік категориялары отбасылық одақтың негізі ретінде қарастырылды. Аталмыш мақалада отбасы, құндылық ұғымдарының генезисін талдап отырмыз. Ендеше, өмірлік әрекеттерде отбасылық одақтың негізі «құндылықтар» болуы шартты жағдай. Біз келесіде, «құндылық» ұғымының генезисін талдауды ұсынамыз.

«Құндылық» ұғымының генезисі этимология негізінде мынадай үш мағынаны біріктіреді: құндылық қатынасының нысанасы ретіндегі заттардың сыртқы сипаттамасы; қатынастардың субъектісі болып табылатын адамның психологиялық сапасы; адамдар арасындағы қатынаста құндылықтың жалпы мәнге ие болуы [15].

Адам қажеттілігін өтейтін барлық құндылықтар (материалдық, әлеуметтік, рухани) дәстүрді құрайды. Дәстүр (латынның tradition – жалғастыру деген мағынасын білдіреді) – тарихи қалыптасқан қоғам үшін пайдалы, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, белгілі уақыт аралығында сақталып отыратын адамзат тәжірибесінің жалғастығы мен жиынтығы, мәдени мұрасы: әдет-ғұрыптар, ырымдар, жүріс-тұрыс қалыптары мен тәртіптері, жөн-жоралғылар, т.б.

Ежелгі философтар адамзаттық құндылықтардың онтологиялық статусы, оның объективтік - идеалистік анықтамасының мәні, абсолюттік, өзгеріссіз жүйесінің болуы мәселелерін де қарастырады. Олар табиғат адамның әсемдік, әділеттілік түсініктерінің қайнар көзі дей отырып, сыртқы әлемдегі заттардың ағымы мен формасын табиғаттың жоғары құндылықтарын әлемнен тыс, эмпирикадан тыс жаратылыс деп жорамалдайды. Сократ құндылықты адамның өмірді бағалауы деп сипаттаса, Платон құндылық бұл өмір сүру дейді, ал Аристотель құндылық адамның даналығы, яғни қандай да болмасын құнды нәрсені таба білуі, - деп тұжырымдайды [8, 213 б].

Қ.А. Иассауи адамгершілік, кісілік һәм имандылық қасиеттер адамды тәрбиелеудің алтын дінгегі деген тәлімдік-танымдық идеяларды алға тартып, өзінің далалық данышпандық өрнегімен ерекшелеп, адамгершілік құндылықтарды әлемдік деңгейге көтере білді [8, 476 б].

Заманауи әлеуметтануда отбасы құндылықтарын зерттеудің негізгі *екі парадигмасы* бөліп көрсетіледі. *Біріншісі, «прогрессивтік парадигма»*, оның өкілдері (А.Г. Вишневский, С.И. Голод, М.С. Мацковский, т.б.) отбасындағы қазіргі заманғы үрдістерді отбасылық формалардың көптүрлілігінің көбеюіне алып келетін жағымды құбылыс ретінде қарастырады. Отбасы қызметінің орындалмауымен байланысты барлық жағымсыз құбылыстарды ескіден жаңа отбасылық формаларға өтуінің аяқталмаған үрдісіне жатқызады. *Екінші, «дағдарыстық парадигма»*, оның өкілдері (А.И. Антонов, В.А. Борисов, т.б.) отбасы дағдарысы мен оның өзінің қызметтерін орындамауын отбасылық құндылықтар дағдарысы деп түсіндіреді.

Р.К. Төлеубекова еліміздің қазіргі кезеңдегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негізін қалаушылардың бірі. Адамгершілікке жоғары сынып оқушыларын тәрбиелеу тұжырымдамасының авторы Р.К. Төлеубекова өзінің «Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері» атты зерттеуінде «Жаңа әлеуметтік мәдени ортада адамның ұстанар мұраты – адамдармен қарым-қатынасында, іс-әрекетінде адамгершілік сана-сезім дағдысымен, өзіндік «Мен» бейнесі арқылы ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қасиет-сапаларымен ықпалдасып субъект ретінде танылуын тәрбиелеу», - деп анықтаған [16]. Ғалымның пікірінше, психологиялық-педагогикалық тұрғыдан жеке адамның құндылығын өзіндік жаңа ұстанымға негіздей келе, жалпы адамзаттық құндылықтар ішінен Адам, Еңбек, Білім, Отбасы, Ұлт, Бейбітшілік, Жер, Отан, Мәдениет деген құндылықтарды бөліп көрсетеді.

Қазақ педагогикалық энциклопедия сөздігінде: «Адамгершілік тәрбиесі – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі», - деп анықтама берілген [17].

А.А. Таутенбаеваның «Жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерісінде студенттердің ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру» атты еңбегінде: «...құндылық біріншіден, жеке тұлғаның адамгершілігі, абыройы және олардың адамгершілік әрекеттері немесе адамгершілік сипаттары, екіншіден, моральдық нормалар, принциптер, мұраттар, қайырымдылық, әділеттілік, бақыт ұғымдары» деп айқындалады. Ғалымның бұл пайымдауынан құндылық қоғамның моральдық қатынастарының көріну формасы ретінде әрекет ететіндігін байқауға болады [18].

Белгілі болғандай, әр ғалым өз зерттеуінде отбасылық құндылықтар қатарына қандас туыстық, ана, әке, үй, отбасылық татулық, неке, махаббат, пәктік жатқызып, оларды ретімен орналастыра отырып, әрқайсысына мазмұндық сипаттама береді.

Қарастырылып отырылған мәселені жан-жақты тереңірек зерделей келе, ғалымдардың ғылыми еңбектеріне талдау жасай отырып, «отбасы-адамгершілік құндылықтарының» құрылымын береміз. (сурет 3).



Сурет 3. Отбасы-адамгершілік құндылықтар құрылымы

Демек отбасы адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі, адам үшін ең жақын әлеуметтік орта ретінде белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлер, отбасы-адамгершілік құндылықтардың сақтаушысы. Отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, бұл құрамына отбасы институты, оның функциялары, кезеңдері жөніндегі білімді меңгеру енетін көпжақты үрдіс болып көрініс тапты.

Отбасы-адамгершілік құндылықтардың болуы ерлі-зайыптылық, ата-аналық және туысқандық байланысқа қарай жіктелуі олардың некеге тұру, ата-ана болу, туыстық қарым-қатынасты үзбеу жауапкершілігін сезінуге ықпалын тигізетіндігі анықталды.

Қорыта келгенде, қазіргі заманда отбасындағы тәрбиенің табысты болуы ата-аналардың өмірлік тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне, мәдениетіне, ынтымақтастығына, отбасы мүшелерінің бір-бірін түсінушілігіне, өзара қарым-қатынасына, көзқарастарының және өмірлік мақсат-мүдделерінің бірлігіне байланысты. Сондықтан болашақ отбасын құрушы студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда жалпы қағидаларды негізге алып отырмыз. Осы тұрғыда біз, **«Отбасы-адамгершілік құндылықтар»** ол адамгершілік мінез-құлық жиынтығы, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сенімділігі мен бауырмалдылығы, сондай-ақ рухани тұрмыс салтын ұстана отырып, ынтымақтастықта және қонақжайлылықта өмір сүру үрдісі. Неке сақталуының беріктігі» деп нақтылаймыз.

Бұл анықтамамыз, өз кезегінде жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесінің біртұтастығын реттейді. Сондықтан теориялық талдаулар негізі педагогикалық жоғары оқу орындарының алдына қазіргі заманғы отбасы мәселесі, ондағы адамгершілік құндылықтар, Қазақстандағы ұлттық білім беру жүйесін модернизациялаудағы отбасының рөлі мен орнын анықтау, болашақ ата-аналық функцияны атқаратын студент жастардың отбасы мәселесінің аясында педагогикалық-психологиялық мәдениетін көтеру сынды тәуелділіктерде өз қызметін атқарады деп сенеміз.

**Зерттеу нәтижелері.** Ғылыми педагогикалық зерттеудің қандай да бір әдіс не тәсілінің педагогикалық тиімділігін анықтау үшін арнайы ұйымдастырылған тексеру түрі – эксперимент жүргізіледі.

Біз, отбасы-адамгершілік құндылықтары жайлы студенттердің қандай да бір теориялық-әдіснамалық түсініктерінің болуы деңгейін анықтау мақсатында педагогикалық экспериментті жүргізу және ұйымдастыру алгоритмін құруды ұйғардық.


2019-2020 оқу жылының I жартыжылдығында Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің Педагогика және психология институты және Алматы Университетінің білім алушыларымен шағын эксперименттік алаң құрылып, Ш.Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесін жүргізу ұйымдастырылды. Ұйымдастырылып отырған эксперимент түрі – анықтау эксперименті. Мұндағы шағын эксперименттің мақсаты - жастардан «отбасы» ұғымына қандай түсінік беретіндігін анықтау; жастар үшін отбасылық өмірдің қандай құндылықтары (дәстүрлер, бала, махаббат, қолдау) аса маңызды екендігін айқындау. Экспериментке барлығы БТ-43, ЭТ-65 студент қамтылды.

**Дискуссия. Нәтижелерді талдау.** Эксперимент барысында жүргізілетін диагностика материалдарымен таныстырып өтейік. Ш.Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесі бүгінгі студент үшін өте маңызды (өмірлік құндылықтарға басшылық жасаушы) құндылықтарды анықтауға мүмкіндік береді. Тұлғаның аксиосферасы екі деңгейлік құрылымға ие, тұлғалық құндылықтар аксиосфераның тұрақты немесе динамикалық құраушыларына жатады. Осы сапа қасиетті бағалау үшін бұл әдістемеді «тұрақтылық» шкаласы анықталған. Ш.Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесі қолданылды. Әдістемеді мынадай сұрақтар беріледі: 1. Менің өмірлік қағидаларым ретінде қандай құндылықтар маңызды болып саналады? 2. Қандай құндылықтардың мен үшін маңызы төмен? Бұл әдістемені жүргізуге мынадай нұсқау беріледі: құндылықтардың өмірлік принциптерге байланысты қаншалықты маңызды екендігін анықтау үшін мынадай жауап кілті пайдаланылады [19], яғни: 7-өте маңызды (өмірлік құндылықтарға басшылық жасаушы); 6-өте маңызды; 5-жеткілікті маңызды; 4-маңызды; 3-өте маңызды емес; 2-маңыздылығы аз; 1-маңызды емес; 0-маңызды мүлде жоқ.

Кесте 3 - Ш. Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесі бойынша студенттерден алынған сауалнаманың нәтижесі

Сауалнамалар сұрақтары	Бақылау тобы (Алматы университетінің 55 студенті). Оның ішінде жігіттер -12, қыздар - 43	Эксперименттік топ (Абай атындағы ҚазҰПУ 65 студент)
Жігіттердің азаматтық некеге деген жағымды көзқарасы	5 (9%)	5(7,7)
Жігіттердің азаматтық некеге деген жағымсыз қарым-қатынасы	1 (1,9%)	8(12,3%)
Қыздардың азаматтық некеге жағымды көзқарасы	4 (7,3%)	5(7,7%)
Қыздардың азаматтық некеге жағымсыз қарым-қатынасы	3(5,4%)	3(4,6%)
Отбасында ер адам басшылық етуі қажет	4(7,3%)	7(10,8%)
Отбасында әйел адам басшылық етуі қажет	8 (14,5%)	6 (9,23%)
Бірлесе отырып басқаруы тиіс	11(20%)	8(12,3%)
Отбасында әйел адам негізгі табыс көзі	2(3,6%)	7 (10,8)
Жігіттер табыс табуы тиіс	9(16,4)	4(6,1)
Әйел де, жігіттер де бірлесіп табуы қажет	7(12,7%)	10 (15,4%)
Екі жұптың жағдайға байланысты табыс табуы мүмкін	1(1,9%)	2(3,07)

Жоғарыда келтірілген әдістеме бойынша алынған алғашқы тәжірибелік нәтижелердің пайыздық көрсеткіштері төмендегі диаграммада көрнекі түрде бейнеленген (4-сурет).



Сурет 4 - Ш. Шварцтың «Құндылық сауалнамасы» әдістемесі бойынша студенттерден алынған сауалнаманың нәтижесі бойынша пайыздық көрсеткіштерінің диаграммасы

Сауалнамаға қатысқан студенттердің жауаптарына назар аударатын болсақ, басым көпшілігі 26-30 жас аралығында некеге тұруды тиімді деп есептейді. Бұл бүгінде жоғары оқу орнын бітірген соң таңдаған мамандық бойынша қызмет жасап, материалдық жетістіктерге қол жеткізуді сеніммен айтатын студенттер санының артуын көрсетеді. Осы орайда педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруды оларды отбасылық өмірге дайындаудың міндеттерін шешу мәселесімен бірге қарастыруы заңдылық.

**Қорытынды.** Сонымен отбасы әлеуметтік институттың генезисін зерттеу барысындағы жан-жақты жасалған теориялық талдау отбасы, отбасылық-некелік қатынас, отбасы құрылымы, отбасылық құндылықтар мәселелеріне арналған тарихи көздердің жеткілікті екендігін көрсетеді. Отбасы қазақстандық менталитеттің басты құндылығы ретінде сабақтастықты үзбей, мәдени дәстүрді сақтап, тасымалдайды, ұрпақтардың әлеуметтену үрдісін жүзеге асырады. Сондықтан отбасы институтын Қазақстан қоғамы тұрақтылығының факторы ретінде жетілдіру, нығайту мәселесі маңызды болып табылады, сондай-ақ отбасы институтын жетілдіруде қазақстандық тәжірибенің рөлі зор.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі N319-III Заңы. ИС BestProfі © 22.04.2016.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы) (дата обращения 16.02.2020 г.).
- 3 Нұрғалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика формирования. – Алматы, 1993. – 334 с.
- 4 Пивоев В.М. Философия: Учебное пособие для гуманитарных факультетов. Часть II. Основы философских знаний. – 2-е изд. – М.: Директ-Медиа, 2013. – 435 с.
- 5 Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. дис. ... филос. док. (PhD). – Алматы, 2019. – 175 б.
- 6 Реале Дж., Антисери Д. Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: Оқулық. / Ауд. Т.Х. Ғабитов, т.б. – Алматы, 2012. – 628 б.
- 7 Гегель Г. Энциклопедия философских наук. – М.: Мысль, 1977. – 476 с.
- 8 Морган Л.Г. Древнее общество или исследование линий человеческого прогресса от дикости через варварство к цивилизации / Перевод с англ. под ред. М.О. Косвена. – Ленинград: Изд-во ИИС ЦИК СССР, 1935. – 386 с.
- 9 Гуд У. Социология семьи // Социология сегодня. Проблемы и перспективы. – М., 1965. – С.194.
- 10 Гречихин В.Г. Общая социология: учеб. пособие для академического бакалавриата. – 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2018. – 114 с.
- 11 Гидденс Э. Последствие современности. – М.: Практикс, 2011. – 352 с.

12 Антонов А.И. Микросоциология семьи (методология исследования структур и процессов). – М., 1998. – 360 с.

13 Мунье Э. Манифест персонализации. – М., 1999. – С.337.

14 Absatova M.A., Nishanbayeva S.Z., Nurpeisova T., Atemova K.A. Experimental Study on family formation and moral values of students International journal of intellectual disability – diagnosis and treatment 2018, VOL. 6, NO. 3, 2292-2598.

Цифрлық профильді талдау жасанды интеллект құралдарының көмегімен жүзеге асырылады, бұл оқытудың дербес траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәліметтерді өңдеу жұмысымен арнайы инженер мамандар айналысады. Мәліметтерге, дәлірек айтқанда, білім алушылардың қалдырған цифрлық іздеріне әртүрлі онлайн платформалар арқылы семантикалық және т.б. талдаулар жасалады. Жүргізілген талдаулар нәтижесіне сай, білім алушылардың құзыреттіліктері анықталып, соның нәтижесіне сай сертификаттар табысталады. Дәстүрлі әдістерді пайдаланып жүрген педагог-психолог зерттеушілерден туындайтын алғашқы сұрақ цифрлық ізді талдау нәтижесіне байланысты:

интеллектуалдық жүйелердің білім алушылардың меңгерген құзыреттіліктерін анықтау нәтижесі қаншалықты шынайы және дәлділік деңгейі қандай? Білім алушы индивид ретінде әрқеде әртүрлі көңіл күйде болуы мүмкін, сонымен бірге, олар темпераментіне қарай белсенділік танытып, іс-әрекет жасауы мүмкін. Көрсетілген білім, іскерліктер мен дағдыларды жақсы меңгерген студент немесе оқушы қарым-қатынас процесі кезінде белсенділік танытпауы мүмкін, белсенділік танытпаған жағдайда қалдырылған цифрлық із білім алушының цифрлық профилін толық ашпайды.

Қарым-қатынас процесінің практикада жүзеге асырылуы білім алушының сөйлеген сөздері, қойылған сұрақтарға берген жауабы, тапсырмаларды орындау деңгейі арқылы сипатталады. Мысалы, бір студент белсенділік танытып, 10 шақты «мағынасыз» немесе тым қарапайым сұрақтар қоюы мүмкін, ал екінші студент мазмұнды бір ғана сұрақ қоюы мүмкін. Дәл осы тұста интеллектуалдық жүйелер мысалда келтірілген студенттердің құзыреттіліктерді меңгеру деңгейін қалай анықтайды? Сонымен қатар, интеллектуалдық жүйелер жиі кездескен терминдерді, негізгі ұғымдарды анықтайды және бұл топтағы білім алушылардың бәріне ортақ картина. Әрбір қатысқан студентке қатысты жекелей мәліметтер нақтыланбайды.

Ресейдің “20.35” Ұлттық технологиялық инициативалар университеті пайдаланып отырған форматта білім алушының цифрлық профилін анықтау әлі де зерттеуді талап етеді. Дәл осы тұста туындайтын маңызды сұрақ - тұтасымен алғанда, біздің еліміздегі ЖОО-дары мен ұстаздары білім беруді цифрлық жүйеге көшіруге дайын ба?

Педагогтардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті “Цифрлы педагог” атты жазғы онлайн мектебін ұйымдастырып, университет ұстаздарын қашықтықтан оқыту жағдайында білім берудің арнайы моделдерін әзірлеп, қазіргі цифрлық технологиялар мен интернет ресурстарын тиімді, әрі қауіпсіз пайдалануға қажетті білім мен іскерліктерді үйретуді қамтитын курстан өткізді [18].

Цифрлы экономиканы кездейтін қоғамда өмір сүретін тұлғаларды кәсіби тұрғыдан даярлайтын ұстаздарға қажетті білім, іскерлік, дағдылар мен құзыреттіліктер жазғы онлайн мектебі бағдарламасының негізіне алынған. Болашақта өндірістік процестің өзіндік аяқталғандығымен, бірегейлігімен, кешенділігімен, ықшамдылығымен және дербестілігімен сипатталып жобалық формаға айналатындығын, сонымен қатар, мұндай экономиканың негізгі құраушысы жеке-дара білікті маман ғана емес, жобалық немесе басқару сипатындағы міндеттерді тиімді шешуге қабілетті “команда” екенін ескере отырып, бағдарлама авторлары жобалық іс-әрекетті негізге алған. Осыған орай, жазғы онлайн мектебіне қатысушылар өздерінің шығармашылық әлеуетін көрсете отырып, сан-алуан түрлі тақырыптарды қамтитын жобалар ұсынды. Атап айтқанда, университеттің профессор - оқытушылар қауымы ақпараттық қоғамдағы педагогтің болмысын сипаттайтын “Киберпедагог”, “Цифрлық оқыту жағдайында студенттерді психологиялық тұрғыдан бейімдеу”, “Цифрлық ғасырдың онлайн олимпиадасы”, “Студенттерге арналған ғылыми-зерттеу клубтары” және т.б. өзекті тақырыптарды қамтитын тың жобаларды атауға болады (жалпы саны 54 жоба). Бұл цифрлық экономиканың болашақ мамандарын қалыптастыратын «ұстаздардың ұстаздарын» даярлауға бағытталған бір қадам.

**Қорытынды.** Цифрлық технологиялар оқытылатын пәндердің мазмұны мен оқыту әдістері, материалдың берілу түрлерін түбегейлі өзгертеді. Сонымен бірге, цифрландыру жағдайындағы мұғалімнің ролі мен орындайтын жұмысының мазмұны да өзгереді.

Біз дәстүрлі оқыту - студенттермен бетпе-бет жүздесу жағдайында межелеген оқыту нәтижесіне қол жеткізе алмай жатқанда, білім беруді жоғарыда аталған университеттердің форматында цифрлық жүйеге көшіргенде тиімді нәтижеге қол жеткізе аламыз деп айту қиын. Дегенмен, бұл білім беруді цифрлық жүйеге көшіруді мүлдем енгізбеу дегенді білдірмейді, көтерілген мәселе жан-жақты зерттеуді талап етеді, сапалы білімді, уақыт талабына сай құзыреттіліктерді меңгерген мамандар даярлауда цифрлық жүйелерді пайдаланудың оңтайлы, тиімді тәсілдері мен жолдарын анықтауды талап етеді. Жоғарыда келтірілген білім беруді цифрлық жүйеге трансформациялаған университеттердің тәжірибелерін негізге ала отырып, оқытуды онлайн жүйеге көшірмей-ақ, дәстүрлі офлайн жүйесімен болашақ мамандарға «XXI ғасырдың дағдылары» мен цифрлық экономикаға негізделген қоғамда өмір сүруге қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға басымдық беруіміз қажет. Ең алдымен, орта және жоғары оқу орындарында сабақ беретін ұстаздарымыз «цифрлық платформалардың көмегімен өзіне қажетті өнімді студенттің өзіне құрғызып, үйретуге дайын ба?» деген сұрақ туындайды...

Сондықтан аталған мәселе мемлекеттік деңгейде қолға алынып, жоғары кәсіби білім берумен айналысатын ұстаздарымыздың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құзыреттілігі мен

цифрлық сауаттылықтарын, цифрлық технологиялар құзыреттіліктерін қалыптастыруға баса назар аудару қажет. Өйткені «бүгінгі студент – ертеңгі маман», еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы білікті, цифрлық экономиканың талаптарына сай құзыреттілігі қалыптасқан мамандардың қолында.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2017 жыл.
- 2 Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» Заңы. – Астана, 2015 жыл.
- 3 Романенкова Д.Ф. Методы педагогического контроля качества учебной деятельности в системе дистанционного обучения // Вестник ЮУрГУ. Серия «Образование. Педагогические науки», 2013, том 5, №1.
- 4 Тульчинский Г.Л. Цифровая трансформация образования: вызовы высшей школе. Философские науки, 2017. – 121-136 бб.
- 5 4 crazy ideas from Stanford about the future of college By Libby Nelson@libbynelson Feb 28, 2015, 4:30pm EST [Electronic resource]. – Mode of access: <https://www.vox.com/>. – Date of access: 12.09.2020;
- 6 Курбацкий В.Н. Цифровой след в образовательном пространстве как основа трансформации современного университета // [https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/239268/1/Курбацкий\\_ВН\\_5\\_2019-040-045.pdf](https://elib.bsu.by/bitstream/123456789/239268/1/Курбацкий_ВН_5_2019-040-045.pdf)
- 7 Комиссрев А.А. Опыт Цифровой Трансформации Образования Университета 2035 // [https://portal.tpu.ru/SHARED/f/FAS/Proff\\_org/DataEconomy;](https://portal.tpu.ru/SHARED/f/FAS/Proff_org/DataEconomy;)
- 8 Как МУИТ трансформируется в цифровой вуз // [https://forbes.kz/process/education/kak\\_muut\\_transformiruetsya\\_v\\_tsifrovoy\\_vuz/](https://forbes.kz/process/education/kak_muut_transformiruetsya_v_tsifrovoy_vuz/)
- 9 Тенденции цифровой трансформации в высшем образовании // <https://www.kazpravda.kz/fresh/view/tendentsii-tsifrovoi-transformatsii-v-visshem-obrazovanii>
- 10 Gaible E. Education change, leadership and the knowledge society. Global e-Schools Initiative (GeSCI). Thematic study: African leadership in ICT. 2010.
- 11 Gaible E., Bloome T., Schwarz A., Hoppes, Pocha J., Vota W. First principles: Designing effective education programs using Information and Communications Technology (ICT): A compendium. Washington, DC, USA: USAID, 2011.
- 12 Гэйбл Э. Цифровая трансформация школьного образования. Международный опыт, тренды, глобальные рекомендации [Текст] / пер. с англ.; под науч. ред. П.А. Сергоманова; Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Институт образования. – М.: НИУ ВШЭ, 2019. – 108 с. – 200 экз. – (Современная аналитика образования. №2 (23)).
- 13 Huang Y.-M., Liang T.-H., Su Y.-N., Chen N.-S. Empowering personalized learning with an interactive e-book learning system for elementary school students. Education Technology Research and Development. 2012. <https://link.springer.com/article/10.1007/s11423-012-9237-6> 2012-08
- 14 Халықова К.З. Кәсіби даярлау процесінде студенттердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту мәселелері // Абай ат. ҚазҰПУ хабаршысы. Педагогикалық ғылымдар сериясы. – №1(65), 2020. – 101-106.
- 15 [https://www.digitaltechnologieshub.edu.au/docs/default-source/resource-bank/dthub\\_infographic-a3-inhouse.pdf](https://www.digitaltechnologieshub.edu.au/docs/default-source/resource-bank/dthub_infographic-a3-inhouse.pdf)
- 16 Педагогическая концепция цифрового профессионального образования и обучения // Под научной ред. В.И. Блинова / Российская академия народного хозяйства и государственной службы при президенте российской федерации / Научно-исследовательский центр профессионального образования и систем квалификаций. – Москва, 2020. – 14 б.
- 17 Kaufman, J., Highfield, K., Guy, J., Leung, S., & Wallis, K. (2017). Research and evaluation of screen time and digital technology: Report to the Australian Government Department of Education and Training. Melbourne, Australia: Swinburne University of Technology. – 2017. [https://docs.education.gov.au/system/files/doc/other/final\\_report\\_-\\_screen\\_time\\_and\\_digital\\_technology\\_-\\_20180215.pdf](https://docs.education.gov.au/system/files/doc/other/final_report_-_screen_time_and_digital_technology_-_20180215.pdf)
- 18 Халықова Г.З. Цифрлық сауаттылығыңыз қандай? // <https://turkystan.kz/article/114893-tsifrly-sauattyly-y-yz-andaj>

С.З. Нишанбаева<sup>1</sup>, Ж.А. Абилхаирова<sup>2</sup>, А.Маршалхан<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Алматы университеті, Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,  
Қызылорда қ., Қазақстан

<sup>3</sup>Қазақ Ұлттық медициналық университеті  
Алматы, Қазақстан

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ОТБАСЫ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ АППАРАТЫ

### Аңдатпа

Мақалада студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық аппаратында әдіснаманың негізгі категориялары, отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары қамтамасыз етілетіндігі қарастырылады. Теориялық талдаулар арқылы ғалымдардың еңбектеріндегі ғылыми әдіснама түсінігінің төрт тобы анықталады. Ғылыми әдіснаманың негізгі категориялары: «тұғыр», «қағида» ұғымдарының қатынасы талданады. Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары: *аксиологиялық, әлеуметтік-гуманистік, жүйелілік-құрылымдық, іс-әрекеттік, мәдениеттанымдық тұғырлар* басшылыққа алынады. Әрбір әдіснамалық тұғырдың функционалдық қызметін талдай отырып, отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың атрибуттары сараланады. Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық аппаратының тұжырымдарының негізін диагностикалауда анықтау экспериментінің жұмыстары жүргізілді. Студенттермен эксперименттік алаңда М.Рокичтің «Құндылық бағдарды анықтау» әдістемесі жүргізіліп, зерттеу нәтижесінің пайыздық, сандық көрсеткіштері талданып өңделеді.

**Түйін сөздер:** отбасы-адамгершілік құндылықтар, әдіснамалық тұғырлар, аксиология, гуманизм, жүйелілік, іс-әрекеттік, мәдениеттанымдық.

С.З. Нишанбаева<sup>1</sup>, Ж.А. Абилхаирова<sup>2</sup>, А.Маршалхан<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Университет Алматы

<sup>2</sup>Кызылординский государственный университет имени Коркыт Ата

<sup>3</sup>Казахский Национальный медицинский университет

## МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЙ АППАРАТ ФОРМИРОВАНИЯ СЕМЕЙНО-ПРАВСТВЕННЫХ ЦЕННОСТЕЙ СТУДЕНТОВ

### Аннотация

В статье говорится о методологическом аппарате формирования семейно-нравственных ценностей студентов, обеспечиваются основные категории методологии, методологические подходы к формированию семейно-нравственных ценностей. Теоретическим анализом определяются четыре группы представлений научной методологии в трудах ученых. Анализируются основные категории научной методологии: соотношение понятий «подход», «принцип». Методологические подходы к формированию семейно-нравственных ценностей студентов: *аксиологические, социально-гуманистические, системно-структурные, деятельностные, культурологические* подходы. Анализируя функциональную деятельность каждого методологического подхода, будут проанализированы атрибуты формирования семейно-нравственных ценностей. Проведена работа по диагностике основ методологического аппарата формирования семейно-нравственных ценностей студентов. На экс-

периментальной площадке студентов была проведена методика М.Рокича «Определение ценностного ориентирования», проанализированы процентные, количественные показатели результатов исследования.

**Ключевые слова:** семейно-нравственные ценности, методологические подходы, аксиология, гуманизм, системность, деятельность, культуропознавательность.

*S.Z. Nishanbaeva<sup>1</sup>, Zh.A. Abilkhairova<sup>2</sup>, A.Marshallhan<sup>3</sup>*

<sup>1</sup>*University Almaty*

<sup>2</sup>*Korkyt Ata Kyzylorda State University*

<sup>3</sup>*Kazakh National Medical University*

## METHODOLOGICAL APPARATUS FOR FORMING STUDENTS' FAMILY AND MORAL VALUES

### *Abstract*

The article describes that the methodological apparatus for the formation of family and moral values of students provides the main categories of methodology, methodological approaches to the formation of family and moral values. Theoretical analysis defines four groups of representations of scientific methodology in the works of scientists. The main categories of scientific methodology are analyzed: correlation of the concepts «approach» and «principle». Methodological approaches to the formation of students' family and moral values: *axiological, socio-humanistic, system-structural, activity-based, cultural* approaches. Analyzing the functional activity of each methodological approach, the attributes of the formation of family and moral values will be analyzed. The work was carried out to diagnose the basics of the methodological apparatus for the formation of family and moral values of students. On the experimental site of students, the method m was carried out. Rokicha «Definition of value orientation», analyzed the percentage and quantitative indicators of research results.

**Keywords:** family and moral values, methodological approaches, axiology, humanism, consistency, activity, cultural awareness.

**Кіріспе.** ЖОО-да білім алушылардың кәсіби білім, білік, дағдыны ғана емес, практикалық іс-әрекетте өзінің әлеуетін табысты жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құндылықтар жиынтығын меңгеру қоғам сұранысынан туындап отырған мәселелердің бірі. Бүгінде құндылықтарды меңгеру отбасынан бастау алады, сондықтан отбасы мәселесін зерттеп, оның мәнін ашып көрсетуде әдіснамалық тұғырларды сәйкестендірудің қажеттілігі туындауда. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда түзілетін әдіснамалық тұғырлар қойылған зерттеу міндеттерін шешудің негізгі жолы болады, ол осы шешімдердің бағыттары мен стратегиясын айқындайды. Сонымен бірге тұғыр (тәсіл, тұрғы) педагогикалық іс-әрекеттің өзара байланысты идеялары мен ұғымдарының сапалық жиынтығын пайдалануда әдіснамалық бағдар ретінде мазмұндалады.

Осы орайда «Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Қазақстанда отбасы әрқашан әлеуметтің аса маңызды құраушы элементі ретінде қарастырылып келеді. Ол қоғам болмысының, мемлекеттің негізі, адалдық, адамгершілік және рухани үйлесім жүйесіндегі маңызды буын болып табылады»; «...Өзі және өз жақындары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру отбасындағы тәрбиеден бастау ала отырып, жастар саясаты мәселелерінде негіз болуы қажет. Өмірдің құндылығы, қауіпсіздігі және оны жалғастыру отбасымен тікелей байланысты» - делінген. Мұндай тұжырымдамалық идеялар жастар саясатына, оның ішінде статистикалық көрсеткішімен басым келетін студент жастарға әлеуметтік міндет ретінде ұсынылып отырғанының өзі отбасындағы жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттестігінің негізгі құралы екендігінің кепілі болады [1].

Президентіміз Қ.К. Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты 2020 жылдың 1-қыркүйегіндегі Жолдауында: «Ұлттың жаңа болмысы» бөліміндегі «...Қазіргі міндет – халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру. ...Мен халқымыздың әлем

үлгі тұтарлық жақсы қасиеттерінің көбірек болғанын қалаймын. Ұлтымыз жаңа сапаға көшуі үшін біздің күнделікті өмірлік ұстанымдарымыз да өзгеруі керек» деп көрсетеді (<https://primerminister.kz>) [2]. Президентіміздің Жолдауында көрсетіп отырғанындай, жоғары білім берудің жаңа парадигмасы нәтижесі білім алушылардың құндылықтар жүйесін қайта қарауға әкелетін білімге бағыттталып отыр. Өйткені білімнің өзінің құндылықтар жүйесі – субъектілердің өзін-өзі өзгертіп, өзін-өзі дамытуында мақсаттарға жетіп, нарықтың бәсекелестік заңдарына шыдай отырып, табысты өмір сүруге дайындау болып табылады.

Барлық нормативтік құжаттарда көрсетіп отырғанындай отбасы – бұл табысты өмір сүрудің баспалдағы. Отбасы құндылығы әлеуметтік өмірдің ірі ауқымдағы құрылымы. Сондай-ақ, ол материалдық және рухани тұрғыдағы қатынастарға негізделеді. Бұл ретте ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісінің маңызды бағыты студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мәселесі болады.

Мақаламызда педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық бағдарларын тереңірек зерделеу негізінде әдіснама ұғымының мәніне, оның категорияларына талдау жасауды жөн санаймыз.

**Зерттеудің әдіснамасы.** Біз, еңбегімізде әдіснамалық категорияларды, отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың әдіснамалық тұғырларын, функционалдық жағдайда, одан бұрын теориялық, яғни ассоциациялау, классификациялау, топтау сынды әдістерді логикалық тұрғыдан «әдіснамалық аппарат» жиынтығында ұсынбақшымыз.

Ендеше біз, жалпы педагогикадағы әдіснама ұғымы, оның негізгі категорияларына философиялық, педагогикалық-психологиялық ғылым саласы бойынша талдап өтейік.

Педагогикалық-психологиялық білімдер жүйесінде ғылыми таным мен ғылыми таным құралының теориялық мәселелерін шешу жолдарына «әдіснама» ұғымы қызмет етеді. Ал философиялық энциклопедиялық сөздікте «әдіснама» - (грек сөзінен «methods» – зерттеу жолы, таным, ілім, білім; «logos» – сөз, түсінік) ғылыми таным әдістері туралы оқу; қандай да бір ғылымда қолданатын әдістердің жиынтығы және амалдар жүйесі мен тәжірибелік теориялық іс-әрекетті ұйымдастыру, құру тәсілдері деп талданады [3].

Біздің зерттеуімізше, біршама психологиялық-педагогикалық сөздіктерде әдіснама, теориялық және практикалық іс-әрекетті ұйымдастырудың және құру қағидаларының, тәсілдерінің жүйесі ретінде көрініс табады. Мұнда әдіснаманың негізіне белгілі бір білімдер (ұғымдар, заңдылықтар және т.б.) кіреді.

Ғылыми зерттеулерде әдіснама ұғымының сипаты туралы түрлі тұжырымдаулар кездеседі. Біз, зерттеулерге сүйене отырып, келесідей топтастырып көрсетуге болады. Ендеше 1-суретте әдіснама ұғымының 4 топқа топтастырылуын ұсынамыз.



1 Сурет Әдіснама ұғымының топтастырылуы

*Бірінші топ* – теориялық қызметтің құрылымы, логикалық ұйымдастырылуы, әдістері мен құралдары туралы;

*Екінші топ* – таным әдістерін қалыптастыру қағидалары мен рәсімдері және ақиқатты тану және қайта құру әдістерін қолдану туралы;

*Үшінші топ* – күрделі практикалық мәселелерді шешудің жалпы қағидаларының жиынтығы туралы;

*Төртінші топ* – ғылыми-педагогикалық зерттеулердің бастапқы (негізгі) ерекшелігі, құрылымы, қызметі мен әдістері туралы ілім деп санайды [4].

П.И. Пидкасистыйдың зерттеулеріне сүйенсек, педагогика әдіснамасының пәні білім беру аясында болатын қарым-қатынас жүйесінде болатын үдерістердің заңдылықтары деп талданады. Ғалым білім берудің мақсаты мен мазмұнының шартталған өзара әрекеттесу тәсілдері және оны шарттайтын әдістер мен формасын ұсынады. Мұнда субъектілердің қарым-қатынасы, іс-әрекетін басқару мен ұйымдастыру механизмдері іске асып, ол субъектілердің ұжым және топта өзін-өзі ұйымдастыруы, рефлексиясы, өзін-өзі тәрбиелеуін қамтамасыз етеді [5].

Әдіснамалық тұғыр ғылымтану, ғылым және білім философиясы, ғылым және білім әдіснамасы құрылымында, ғылым мен білімнің жаңа парадигмасын саналы түсіну, ғылым және білімнің даму үдерісі негіздеріне сүйенеді [6].

Бізге белгілі болғандай, студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы әдіснамалық аппаратын құруда келесідей тұғырларды: *жүйелілік-құрылымдық тұғыр, аксиологиялық тұғыр, іс-әрекеттік тұғыр, әлеуметтік-гуманистік тұғыр, мәдениеттанымдық тұғырларды* басшылыққа алдық. Ендеше, зерттеу облысымыз бойынша негізге алынған әдіснамалық тұғырларды талдауды келесідей нақтылап өтейік.

Тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуы өркениеттер жетістіктерін, қандай да бір даму тетіктерін және барлық бағдарларын айқындайтын білімдердің нақтылы-тарихи жүйесі ретінде көрініс табуы аксиология түсінігін алға шығарады. Аксиологиялық тұғыр – бұл отбасының микро, мезо және макрофакторлармен өзара әрекеттестігінің аксиологиялық әлеуетін ашып көрсетеді. Бұл ретте студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы үдеріс ретінде сипатталатын әлемге, адамға, өз-өзіне қатысымды жалпы адамзаттық құндылық үлкен рөл атқарады. Сондай-ақ, әлеуметпен, мәдениетпен болып жатқан қарым-қатынасындағы отбасы-адамгершілік мәндерді ұғынуда білім алушы өз білімінің, өмірінің мәніне ие болуы да аксиологияны қамтамасыз ете алады. Білім беру үдерісінде жеке адамды тәрбиелеу жолында академиялық пәндер, отбасы педагогикасы, отбасы психологиясы, отбасы тәрбиесіндегі академиялық адалдықты және т.б. қолдау мен дамуы іске асырылады, сонымен қатар, тұлғаның негізгі құндылықтары – кәсібилік, өзіне сенімділік, жауапкершілік т.б. сапалары негізге алынады [7].

Ғалым О.И. Воложина зерттеулерінде аксиологиялық тұжырымдама отбасының құндылық статусының трансформациясы мәселесін талдауда және оған мақсатты бағытта ықпал ету мүмкіндіктерінде деп талданады. Аксиологияның құрылымдық тұжырымдамасында индивидтің отбасылық қатынастар моделін айқындайтын, адамдардың іс-әрекеті мен бірлескен өмірі нәтижесінде қалыптасқан мәдениет элементтерінің белгілі жиынтығы ретінде түсіндіріліп, ал сол элементтер отбасы, оның әлеуметтік-мәдени мәні туралы қалыптасқан түсініктерді қолдайтын, қоғамдық құрылымның алмасу үрдісінде әлеуметтік-мәдени сәйкестілік механизмдерін сипаттап береді [8].

Білім алушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудағы әлеуметтік-гуманистік тұғыр негізгілердің бірі болады.

*Әлеуметтік-гуманистік* тұғырда білімнің тұлғаға бағытталуы, білім мазмұнының ашық салтанатта жариялануы, сонымен бірге заман талабына сай білім қорымен қамтамасыз ету және ұлттық білім беру жүйесінің гуманистік оқыту болатындығы белгілі.

Бұл тұғырдың негізгі бағдарын сипаттауда біз, гуманитарлық парадигма, гуманистік тәрбие деп аталатын ғылыми түсініктерге сипаттаулар беріп өтуді жөн санаймыз. Қазірде гуманитарлық парадигма түсінігі ғылыми зерттеулерге «адами өлшем» деген категорияны алып келді. Мұндағы ғылыми жаратылыстану ғылымының парадигмасы ғылымның нәтиже беруі экспериментке бағытталса, ал танымның гуманитарлық түрі даралыққа, адамның жеке тұлғалық қасиеттеріне сүйеніп, адами құндылық әлеміне бағытталған «субъективтік» бағытты негіздеп көрсетеді. Ал бұл ретте гуманистік түсінік сипаттамасын: адамның сананы құнды-мағыналы игеруі, оның салыстырмалы, өзгерісті болатынын түсінуі қамтамасыз ете алады. Бұл айтылғандардың барлығы дерлік гуманитарлық парадигманы құрылымдауға септігін тигізеді белгілі [9].

Әлеуметтік-гуманитарлық тұғырдың бағдарын сипаттатын келесі бір ғылыми түсінік гуманистік тәрбие болады, ол рухани құндылықтардың әдіснамалық негізі іспеттес. Жоғары мектеп педа-



гогикасы бүгінгі күні көптеген жалпы ғылымилық, әлеуметтік-философиялық; әлеуметтік-мәдени және адамгершілік-эстетикалық үдерістердің бірігуіне алып келеді. Қоғам талаптарындағы отбасы-адамгершілік мәселесі оның талаптарына сәйкес тәрбиенің құндылық сипаттарын қайта анықтаудағы өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Оның алғышарты тұлғада қайырымдылықты, шыншылдықты, әділдікті, еркіндікті қалыптастыру, әлеуметтік-гуманистік құндылықтарды дамыту болады. Тәрбие практикасында бүгінгі күні жалпыадамзаттық негізгі құндылықтарды анықтау, бекіту қажеттілігі бар. Білім алушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда – әрқайсының отбасы мүшесі ретінде гуманистік көзқарасы мен сенімдері болуы шартты жағдай [10].

Бізге, жалпыадамзаттық құндылықтарды, яғни адам, отбасы, еңбек, білім, мәдениет, отан, жер, әлем т.б құндылықтарды зерделеу педагогика бойынша әлеуметтік-гуманистік тұғыр отбасын адамзатпен байланысты әлеуметтік-мәнді құбылыс ретінде және бірмезгілде отбасыға субъектілік (тұлғалық) құндылық ретінде дамытын социум деп қарастыруға мүмкіндік береді. Сондықтан атаулы тұғырды тұрақты, қайталанатын белгілер жиынтығын игерген әлеуметтік феномен ретінде отбасының өзіндік ерекшеліктерін анықтауға бағдарланған деп айтуға болады. Отбасының топтық өзегі «ана-бала», «әке-бала», «ана-әке» қатынасынан тұратын некелік одақ, әлеуметтік институт және жауапкершілік, парыз және басқа әлеуметтік нормаларды институционализацияландыру формасы. «Жаңа өмір» нәтижесі – отбасынан басталатынын негізге аламыз [11].

Біртұтас бүтіндікті құрайтын өзара байланысты бөлшектердің ретке келтірілген жиынтығы мен олардың арасындағы қатынасы *жүйелілік-құрылымдық тұғыр болады*. Жүйелілік-құрылымдық тұғыр жалпы ғылыми-әдіснамалық зерттеудің бір құралы ретінде қарастырылады. Себебі оқу-тәрбие процесін және бір-бірімен байланысты құбылыстарды жүйелі зерттеуге қажет сапалы ғылыми тұғыр ретінде танылған.

Жүйелілік-құрылымдық тұғыр педагогикалық зерттеулер үшін В.В. Краевский, Г.П. Щедровицкийлердің, психологиялық зерттеулерде А.А. Бодалев, В.А. Ганзин, Е.А. Климов, А.Н. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, К.К. Платоновтардың тұжырымдамаларында нақтылаулармен қарастырылады.

Жүйелілік тұрғыдан қоғамның экономикалық жағдайлары мен отбасы орындайтын функциялар сипаты, олардың иерархиясы арасындағы байланыстарды ғалым М.С.Мацковский нақтылап көрсете білген. Сонымен қатар қоғам мен отбасының индивидке қарым-қатынасын белгілейтін тұлғаның қажеттіліктері арасындағы диалектикалық байланысты зерттейді [12].

Осы орайда педагогикалық құбылыстар мен өзара байланысын бағдарлап, отбасылық қатынастар типін ашып көрсетеді. Зерттеулерге сүйенсек, тұғырдың жиынтық ретінде қарастыратыны: білім беру мақсаты, студенттерге отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы педагогикалық үрдіс субъектілері (оқытушы, болашақ мамандар) болмақ. Білім алушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру жағдайында білім беру мазмұны білім, білік, дағды, отбасы-адамгершілік құндылықтар, өмірлік іс-әрекет тәжірибесі, психологиялық ұлттық мінез, отбасылық тәжірибе жүйесінен құралады. Онда студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру үрдісін ұйымдастырудың әдістері мен түрлері, мәліметтер қоры басты назарға алынуы тиіс.

Білім алушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы теориялық және практикалық зерттеулердің жүйелілік сипаттамалары жайлы білімнің қажеттігін көздейді.

Ал бұл тұстағы жүйелілік-құрылымдық тұғыр отбасын, отбасындағы құндылықтарды, отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы жекелеген үрдістер мен сапаларды басқа жүйелермен байланысады. Олардың әсерінен отбасы-адамгершілік құндылықтарының прогрессивті дамуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруды жүйе ретінде зерттеуге мүмкіндік аламыз.

Келесі бір тұғыр ол, *іс-әрекеттік тұғыр* тарихи, психологиялық, педагогикалық зерттеулерде нақты ғылыми-әдіснамалық ұстаным болып саналады. Бүгінде отбасында еңбек педагогикасының аясы тарылды деуге болады. Бірақ педагогикалық үдерісті қайта құру немесе өзгерістер енгізудің алғашқы формасы еңбек екені анық. Өмір сүру тәртібінде адамның материалдық және рухани байлықтарды жасаудағы іс-әрекеттері еңбек барысында атқарылып, айналасын қоршаған дүниені шығармашылықпен өзгеріске түсіріп отырады. Студенттерді өмірге және жан-жақты іс-әрекеттерге дайындауда олардың мүмкіндіктерін ескеріп, өмір тіршіліктеріне қажетті істерге тартып, олардың өмірін әлеуметтік және адамгершілік тұрғыдан ұйымдастыру қажеттігі туындайды [13].

Тұлға өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруда объектіге мақсатты бағытталған ықпал жасайды да, отбасының қоғаммен өзара белсенді әрекеттеседі, бұл ретте адам субъекті рөлін атқарады. Мұндағы қойылған зерттеу міндеттерін шешудің негізгі жолы тұғыр болғандықтан, ол осы шешімдердің

бағыттары мен стратегиясын айқындайды. Әдіснамалық бағдар тұғыр (тәсіл, тұрғы) ретінде педагогикалық іс-әрекеттің өзара байланысты идеялары мен ұғымдарының сапалық жиынтығын пайдалануда рөлі көрінеді.

Зерттеулер көрсетіп отырғанындай, ғалым Е.Н. Степановтың еңбектерінде тұлғалық-бағдарлық тұғырды педагогикалық қызметтегі әдістемелік бағдар ретінде анықтап, өзара байланысты түсініктер, идеялар және әрекет ету тәсілдері жүйесіне тірек болу арқылы тұлғаның өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі жүзеге асыру, өзінің қайталанбас даралығын дамыту үдерістерін қамтамасыз етуі және қолдауы мүмкін деп көрсетіледі. Ғалымның тұжырымдауынша, тұлғалық-бағдарлық тұғырда студенттермен әрекеттесетін мемлекеттік және қоғамдық институттардың емес, көп жағдайда олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға апарары анық [14].

Бізге белгілі болғандай, профессорлық-оқытушылар құрамы студенттерде әдеттегі әлеуметтік қасиеттерді қалыптастыруға емес, олардың әрқайсысында әмбебап тұлғалық қасиеттерді дамытуға негізгі күш салады, бұл оқытушылар мен студенттер арасында субъекті-субъектілік қатынастардың пайда болуына әсер ету қажет деп санаймыз.

Мысалы, Г.Гегель теориялары бойынша іс-әрекеттік тұғырдың заттық әрекет категориясының негізінде психиканы зерттеу қағидасы болады да [15]; ал А.Н. Леонтьевтың теориясына сәйкес индивидтің әрекетіндегі психологиялық бейненің құрылымы және қызметін мазмұндайды деп тұжырым береді [13, б. 304].

Білім алушылардың отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін реттеуде *мәдениеттанымдық тұғырдың* маңызы ерекше екендігін атап айтамыз.

Ғылыми еңбектердегі талдауларда *мәдениеттанымдық тұғыр* – тұлға қалыптастырудағы таным мен педагогикалық іс-әрекеттерді қайта құруға немесе өзгерістер енгізуге бағыт-бағдар беруде мәдени құндылық іліміне сүйенеді. Аталмыш тұғыр арқылы студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын құрылымдауда мәдениетпен объективтік байланысы арқылы студенттің мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін зерттейді. Өйткені адам мәдениет арқылы дамығандықтан сол мәдениетке жаңа элементтер енгізуге үлес қосады. Сонда бұл тұстағы жаңа элемент мәдениетпен байланыстағы болашақ отбасын құруға құндылықты негіздегі даярлығы және отбасы-адамгершілік құндылықтарын игеруі болып табылады. Сол себептен, адам мәдениет құндылықтарының жүйесін игеріп өзін-өзі дамытса, екінші жағынан, отбасында құндылықтарды қалыптастыру мәдениет субъектісі болуға жағдай туғызады [16].

В.В. Сериков оқу үдерісі субъектілерінің тұлғалық қызметін толық көрсету және дамыту үшін жағдайлар жасау қажеттілігін ерекше атап көрсетеді: мотивация (әрекетті қабылдау және негіздеу), байланыстыру (сыртқы әсерлер мен ішкі сананың түрткілеріне қатысты), коллизиялық (өмірдің жасырын қайшылықтарын көру), сыни (сырттан ұсынылатын құндылықтар мен қағидаларға қатысты), рефлексивтік, мағыналы-шығармашылық, бағдарлы (дүниенің жеке бейнесін – жеке дүниетанымды құру), ішкі дүниенің өзін-өзі реттеуін және орнықтылығын қамтамасыз ететін қызметтер, шығармашылықпен, жасампаздықпен, өзінің міндеттерін жүзеге асыру (өзін айналасындағыларға мойындатуға талпыну), өзі талабына қарай рухани деңгейін қамтамасыз ету [17].

Ғалымдар отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтарға қатысты көптеген теориялар мен көзқарастарды бөліп көрсетеді. Ең бастысы гуманистік рухани-адамгершілік жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады, олар: сүйіспеншілік, жақсылық, ата-ана болу, жауапкершілік, рухани бірлік, қайырымдылық, парыз; бұлардың барлығы адамның тұлғаның ішкі қасиеттеріне, адамның игілігі мен жер бетіндегі өмірге бағдарланған, отбасылық рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың құрушылары болып табылады.

Р.Хили бойынша отбасының құрылымдық сипаты бес тәсіл тұрғысынан ашып көрсетіледі: институционалды-тарихи көзқарас (эволюционизм); құрылымдық-функционалды; интеракционистік – рөлдік талдау (символикалық интеракционизм); ситуациялық-психологиялық көзқарас; дивелопменталдық көзқарас (отбасының өмірлік циклінің дамуына негізделген) [18].

Отбасылық құндылықтар кешенді феномен ретінде әртүрлі ғылым тұрғысынан қарастырылады. Философияда құндылықты түсінудің екі тұғыры қалыптасқан: объективтік-абсолюттік (И.Кант, В.Виндельбанд, Г.Риккерт); субъективтік – релятивтік (Р.Б. Перри, Дж.Дьюи).

Бүгінгі таңда қалыптасқан тәжірибеге сүйене отырып, отбасының құрылымын, мазмұнын сипаттайтын тұжырымдамалар да баршылық екендігі айқындалды.

Осы орайда, зерттеуімізде отбасының мәні мен құрылымы жөніндегі әртүрлі тұжырымдамаларға сүйене отырып, отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың әдіснамалық негіздерін анықтаудың тұғырлары айқындалды (1-кесте).

**Кесте 1 – Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы тұғырлар**

№	Тұғырлар	Функциялары
1	2	3
1	Аксиологиялық тұғыр	Отбасының микро, мезо және макрофакторлармен өзара әрекеттестігінің аксиологиялық әлеуетін ашып көрсетеді.
2	Әлеуметтік-гуманистік тұғыр	Отбасының әлеуметтік мәнін және оның басқа әлеуметтік институттармен өзара әрекеттестігін қарастырады.
3	Жүйелілік-құрылымдық тұғыр	Отбасылық қатынастар типін ашып көрсетеді.
4	Іс-әрекеттік тұғыр	Отбасының қоғаммен өзара белсенді әрекеттесуі, онда адам субъекті ролін атқарып, объектіге мақсатты бағытталған ықпал жасайды және өзінің қажеттіліктерін қанағаттандырады.
5	Мәдениеттанымдық тұғыр	Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын құрылымдауда мәдениетпен объективтік байланысы негізінде студенттің мінез-құлқындағы құндылықтар жүйесін зерттейді.

Кестеде көрсетілген тұғырлар педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұлардың ішіндегі ең маңыздысының бірі құндылық тұғыры, оның мәні отбасын құндылық ретінде қарастырумен сипатталады.

Құндылықтың белгілі бір тарихи-мәдени жағынан шоғырланған және жалпыадамзат пен жеке этнос мәдениетінің мәнін көрсететін адамның өзінің мінез-құлық нормалары мен мақсаты туралы жалпы түсінігі екенін ескеретін болсақ, әлеуметтік қоғамдық қатынастар институты формасындағы заттандырылған элемент ретінде отбасында қалыптасады. Демек, құндылықтардың пайда болуы, біріншіден, адам мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыратын заттар, құбылыстар мен олардың сапаларымен байланысты болса, екінші жағынан, құндылық адам мен қоғамның заттарды, құбылыстарлы бағалауымен байланысты пайымдаулары ретінде қатысады [19].

Т.Парсонстың құрылымдық-функционалдық тұжырымдамасына сәйкес құндылықтар кез келген әлеуметтік жүйе және оның құрамдас бөліктерінде өзінің бірлігі мен тұтастығын сақтау, өзін-өзі реттеу, ортақ келісімге келуді жүзеге асыру үшін қалыптастырылған ең жоғарғы ұстанымдар [20].

Отбасын талдауда құрылымдық-функционалдық теория тұрғысынан ұсынған талаптар маңызды. Олар отбасы қызметтерінің әмбебаптығын қолдайды, бірақ әртүрлі мәдениеттегі өзіндік ерекшелігін теріске шығармайды. Бұл теория отбасы мәртебесі мен рөлінің біріншілік идеясын басшылыққа алады.

Н.Л. Москвичеваның психологиялық зерттеуінде студент тұлғасының құндылық бағдар жүйесінің оның тұлғалық ерекшеліктері мен әлеуметтену факторларының байланысында отбасына құндылық бағдары зерттелінеді [21].

С.Е. Нұрмұратов құндылықтар типтерінің жіктелісін бөліп көрсетуде мынадай тұжырымдамаларға сүйенеді: натуралистік психологизм, аксиологиялық трансцендентализм, персоналистік онтологизм, мәдени-тарихи релятивизм, әлеуметтанушылық [22].

Н.С. Әлқожаева өзінің «Қазіргі кездегі білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері» атты монографиясында жастардың мінез-құлық тәртібінің де сапасын, рухани-адамгершілік тәрбиесіне әсер ететін факторлар ретінде қоршаған ортасы, табиғат, дене еңбектерінің түрлері, экономикалық жағдайлар мен ұлттық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптарды зерделейді. Ғалымның пікірінше: «...жастардың мінез-құлқының, тәртібінің және қарым-қатынасы мен іс-әрекетінің өзгеруіне, адамгершілік жағынан қатаюына мүмкіндік жасайды. Басқаша айтқанда, оның қалыптасуына саяси, экономикалық, руханилық, адамгершіліктік факторлар мен биологиялық, физиологиялық факторлар да әсер етеді, ал оның мәні, нәтижесі рухани- адамгершілік құндылық сипатынан көрінеді. Негізінен рухани құндылықтар білім беру процесінде қалыптастырылады. Мұндағы білім беру – жалпы адамзаттық құндылық болып табылады. Алайда, білім беру жалпыадамзаттық құндылықтармен қатар индивидуалды- тұлғалық деңгейде әртүрлі дәрежеде танылады» делінген. Н.С. Әлқожаеваның пікірінен бізге белгілі болғандай, әрбір отбасының қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі болады. Сонымен бірге жалпы қазақ отбасына тән ортақ дәстүрлерді негізге алған [23].

А.В. Мудрик педагогикалық талдау тұрғысынан, отбасы адамды әлеуметтендірудің маңызды факторы болып табылады деп есептей отырып, олардың әлеуметтенуінің жеке кезеңдерінде ажыратылатын және өмір жолында болатын отбасының маңызды әлеуметтендіру функцияларын анықтайды: адамды физикалық және эмоционалдық қамтамасыздандыру; адамның психологиялық өрісін қалыптастыру және жыныстық рөлін әлеуметтендіру; баланың ақыл-ойын дамыту; тұлғаралық және этникааралық қатынастар саласында негізгі құндылық бағдарын қалыптастыру; адамның отбасылық рөлдерді орындау нормалары мен стилдерін меңгерту; адамға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету [24].

Жалпы құндылық бағдарға қоршаған орта, адамның негізгі іс-әрекеті де үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан құндылық бағдар біріншіден, адам белсенділігіне түрткі болатын реттеушілік; екіншіден, адамның өмірлік мақсаттарының ішкі қайнар көзі қызметтерін атқарады.

Демек құндылық бағдар студенттің бүкіл өмір әрекеттерін, әлеуетін, бүкіл ішкі мотивтері мен ұмтылыстарын толығымен ашу арқылы көрінетін өмірлік талпынысы. Ол адамның тұлғалық ерекшеліктеріне ғана емес, оның әлеуметтік жағдайларда өзін-өзі көрсетуі мен өзін-өзі анықтауы кезіндегі іс-әрекетін саналы ұйымдастыруына да ерекше әсер ететін құбылыс.

Қоғам дамуының заманауи кезеңі отбасын құру және оны сақтау үшін кез келген адамның адамгершілік жауапкершілігін арттыруда. Жыл сайын көптеген неке тіркеледі, бірақ барлық отбасы өмірлік сынақтан ойдағыдай өте бермейді. Осындай жағдайлардың негізгі себептерінің бірі отбасын құруға және некеге тұруға дайындықтың болмауы, отбасылық қарым-қатынас саласынан элементарлық білімнің жеткіліксіздігі, отбасы мен некедегі әлеуметтік рөлін дұрыс түсінбеуі болып табылады.

Осыдан студент жастарды некеге тұруға дайындау әлеуметтік тәрбие үдерісінің маңызды компоненті болуы тиіс. Мұндай дайындыққа психологиялық тұрғыдан жетілгендіктен, студент жастар мұқтаж. Бұл жаста өмірлік жарының идеалды бейнесі қалыптасады, жоспар құрады, өз отбасын құрайды [25].

Жоғары оқу орнының әлеуметтік ортасы қазіргі заман жағдайында студент жастардың көзқарасы мен мінез-құлқын түзетуге үлкен әсерін тигізеді. Сондықтан некеге, отбасын құруға, отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға позитивті көзқарастарын қалыптастыру үшін барлық мүмкіндіктерді пайдалану қажет.

Қорыта келгенде, отбасын зерттеудің тұғырлары мен тұжырымдамаларын талдау өткен және қазіргі заман зерттелінуші студенттердің отбасы мәнін әртүрлі тұрғыдан түсінгенін және түсіндіргенін, бірақ соған қарамастан, барлығына ортақтық – отбасының: біріншіден, әлеуметтік-құнды феномен, адамзаттық тұрмыс-тіршіліктің объективті формасы ретінде; екіншіден, қоғамдық тәртіп қалыптасқан негіз ретінде; үшіншіден, отбасының тарих барысында қоғаммен бірге әрекет еткен, бірге дамыған қоғамдық дамудың өнімі ретінде мойындалуы. Нақты отбасының құндылығын оның мәдениеті анықтайды. Отбасы мәдениеті материалдық және рухани құндылықтар жиынтығынан тұрады, ол тарихи дамудың нәтижесі болып табылады.

Сондықтан әдіснамалық тұғырларды бөліп көрсету бұл саладағы өзекті мәселелерді иерархиялық ретімен белгілеуге, осы зерттеу мәселесін шешудің стратегиялық мен тактикасын айқындауға, тәжірибелік жұмыстың нәтижелерін болжамдайды.

**Зерттеу нәтижелері.** Жоғарыда айтылғандардың барлығын зерделей келе, «Отбасы-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру – отбасының әрбір мүшесінен өмір бойы үлкен шыдамдылықты талап ететін және өмірлік мәнді қарым-қатынас үдерісі», - деп анықтама береміз. Бұл педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы – адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда ғылыми-педагогикалық теорияларды зерттеудің нәтижесі деп қарастырамыз.

Мақаламыздың мазмұнында талданған әдіснамалық аппаратты қамтамасыз ететін әдіснамалық тұғырларды негіздей келе, аксиологиялық тұғыр – *кәсібилік, өзіне сенімділік, жауапкершілік*; әлеуметтік-гуманистік тұғыр – *адамгершілік, ізгілік, құрмет, таным*; жүйелілік-құрылымдық тұғыр – *білім, білік, дағды біртұтас бүтіндікті құрайтын даму, дербестік*; іс-әрекеттік тұғыр – *шығармашылық, сенімділік, субъект-субъектілік қарым-қатынас*; мәдениеттанымдық тұғыр – *мәдениет, ұлттық мінез-құлық, табиғат әсемдігі, өнер т.б.* атрибуттарды реттейтіні анықталды.

Ендеше эксперимент алгоритміне сай қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени өзгерістер жағдайындағы студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда эксперимент жұмыстарын ұйымдастыруға мүмкіндік аламыз.

Біз педагогика-психология білім беру бағдарламасының білім алушыларымен эксперимент жұмыстарын ұйымдастырдық. Эксперименттік жұмыстар барысында студенттердің құндылықтың нақты ұстанымына қатынасын анықтауға мүмкіндік беретін М.Рокичтің «Құндылық бағдарды анықтау» әдістемесі қолданылды. Бұл әдістеменің мақсаты құндылық бағдарды анықтау болып табылады. Бұл әдістемені жүргізуге мынадай нұсқау беріледі: Сізге өз өміріңізде басшылыққа алатын құндылықтардың А (терминалды) тізімдері таратылады. Міндетіңіз – оларды Сіз үшін маңыздылығы бойынша ретімен орналастыру. Сіз үшін мәнді болып табылатын бұл тізімдердің әрбір бөлігіне 1-ден 5-ке дейінгі балл қойыңыздар, мұнда «5» - ең жоғары балл, ал «1» өте төмен балл [26]. Анықтау экспериментіне барлығы 120 студент, оның БТ-55 студенті, ал ЭТ-65 студенті қамтылды.

**Дискуссия. Нәтижелерді талдау.**


Біз, анықтау экспериментіне 120 студент қатынасты, оның 55-і БТ-да, 65-і ЭТ-да сауалнамаға қатысты. Жалпы эксперимент нәтижесін пайыздық, сандық талдаулар арқылы беріп өтейік.

Сонымен нәтижені талдау студенттер терминалды құндылықтардың ішінен денсаулық, сүйікті (қызықты) жұмыс, махаббат, материалдық жағдай, адал достың болуы, бақытты отбасылық өмір алғашқы орындарға қоятыны анықталды (2-кесте).

Кесте-2. М.Рокичтің «Құндылық бағдарды анықтау» (Атізімі) әдістемесі бойынша анықтау экспериментіндегі зерттелуші топтардың терминалды құндылықтарының көрсеткіштері (%)

№	Терминалды құндылықтар тізімі	Бақылау тобы БТ(55с)	Эксперименттік топ ЭТ(65с)
1	Белсенді әрекетті өмір	3,65	3,77
2	Өмірлік даналық	3,18	3,28
3	Денсаулық	9,15	9,55
4	Сүйікті (қызықты) жұмыс	12, 14	12,27
5	Табиғат пен өнердің әсемділігі	3,32	3,54
6	Махаббат	8,95	8,98
7	Материалдық жағдай	12, 35	12,70
8	Адал достың болуы	7,22	7,21
9	Өзге адамдардың құрметіне бөлену	3,10	3,08
10	Таным	3,87	3,04
11	Табысты өмір	3,62	3,41
12	Даму	3,12	3,13
13	Дербестік	3,47	3,85
14	Бақытты отбасылық өмір	10, 42	10,5
15	Басқаның бақыты	3,62	3,46
16	Шығармашылық	3,34	3,16
17	Өзіне деген сенімділік	3,48	3,14
18	Жоғары әлеуметтік дәреже (ақша, билік, мәнсап)	2,0	1,93

М.Рокичтің «Құндылық бағдарды анықтау» әдістемесі бойынша анықтау экспериментіндегі зерттелуші топтардың терминалды құндылықтары көрсеткіштерінің диаграммасы (2-суретте) кескінделген.



Сурет 2 - М.Рокичтің «Құндылық бағдарды анықтау» әдістемесі бойынша анықтау экспериментіндегі зерттелуші топ Область диаграммы құндылықтары көрсеткіштерінің диаграммасы

Кесте және диаграммадан көріп отырғанымыздай, белсенді әрекетті өмір БТ-3,65 ал ЭТ-3,77; өмірлік даналық БТ-3,18, ал ЭТ-да -3,28 пайыздық көрсеткішті құрайды. Денсаулық БТ-9,15, ЭТ-да 9,55 көрсетті. Сүйікті жұмыс БТ-да 12,14 ал ЭТ-да 12,27 ні құрап отыр. Табиғат пен өнердің әсемділігі БТ-да 3,32, ЭТ-да 3,54 ті анықтады. Мысалы, бақытты отбасылық өмір БТ-да 10,42 ал ЭТ-да 10,5 ті құрайды. Ал А тізімі бойынша жоғары әлеуметтік дәреже БТ-да 2,0 ал ЭТ-да 1,93 пайыздық көрсеткішті айқындайды. Бұл терминалды құндылықтардың басым көпшілігі нақты және жеке категорияға жатады, ал студенттердің айналасындағы адамдармен өзара әрекеті мен ықпалы интеллектуалды құндылықтардан басымрақ болды.

**Қорытынды.** Жалпы алғанда біздің диагностикалық анықтау жұмыстары зерттеудің нәтижелерін сапалы талдау адамның өмірлік идеалын, өмірлік мақсаттарының иерархиясын, құндылықтарын, мінез-құлық нормалары туралы түсініктерін бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, терминалды құндылықтар ішінен бөліп көрсетіледі, нәтижелері бойынша тұлғаның құндылық бағдарының жеке жүйесінің заңдылықтары туралы түсініктерін құруға болады. Біздің осы еңбегіміздегі студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық аппаратында түзілген атрибуттардың жалпы көрінісін анықтау эксперимент диагностикалық жұмыстардың нәтижесі барысында жүйеленді. Теориялық талдаулар, зерттеу әдістері, тәжірибелік жұмыстар барысы алдағы кезеңдерде өз жалғасын тауып, қалыптастырушы эксперимент жұмыстарын толықтыруға үлкен мүмкіндік берді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы тмемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы Астана, 2019. 1 сәуір.

<http://politex.kz/index.php/kz/studentterge/zhastar-sayasaty/92-2020-zh-dejingi-zhastar-sayasatyny-t-zhyrymdamasy>

2 <https://primerminister.kz>

3 Таубаева Ш.Т. Педагогика әдіснамасы. – Алматы: Қарасай баспасы, 2013. – 384 б.

4 Absatova M.A., Nishanbayeva S.Z., Nurpeisova T., Atemova K.A. Experimental Study on family formation and moral values of students International journal of intellectual disability – diagnosis and treatment 2018, VOL. 6, NO. 3, 2292-2598.

5 Пидкасистый П.И., Педагогика /аударғандар Ахметова Г.К., Таубаева Ш.Т. – Алматы: Қазақ ұлтық университеті, 2006. – 336 б.

6 Бондаревская Е.В. Теория и практика личностно-ориентированного образования. – Ростов, 2000. – 352 с.

7 Асмолов А.Г. Личность как предмет педагогического исследования. – М.: МГУ, 1984. – 312 б.

- 8 Воложина О.И. Аксиологические основы государственной семейной политики в России // *Российское общество*. – 2012. – №3. – С.109-115.
- 9 Тұрғынбаева Б.А. Андрагогика: оқу құралы. – Алматы: Алатау, 2011. – Б.62.
- 10 Нишанбаева С.З. Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері: оқу-әдістемелік құрал. – Алматы, 2018. – 76 б.
- 11 Пивоев В.М. Философия: Учебное пособие для гуманитарных факультетов. Часть II. Основы философских знаний. – 2-е изд. – М.: Директ-Медиа, 2013. – 435 с.
- 12 Каптерев П.Ф. Задачи и основы семейного воспитания // *Семейное воспитание: Хрестоматия*. Сост. П.А. Лебедев. – М.: Академия, 2001. – С.203-230.
- 13 Леонтьев А.Н. Деятельность, сознание, личность. – М.: Политиздат, 1975. – 304 с.
- 14 Степанов Е.Н. Личностно-ориентированный подход в работе педагога: разработка и использование / Под ред. Е.Н. Степанова. – М.: ТЦ Сфера, 2003. – 128 с.
- 15 Нурғалиева Г.К. Ценностные ориентации личности: методология, теория, практика формирования. – Алматы, 1993. – 334 с.
- 16 Королева Ю.Г. Актуализация ценностей семьи в жизненных планах студентов: дисс. ... канд. пед. наук. – Великий Новгород, 2008. – 200 с.
- 17 Сериков В.В. Личностный подход в образовании: Концепция и технология: Монография. – Волгоград: Перемена, 1994. – 150 с.
- 18 Хили Р. Семейные решения и социальная политика: социологический аспект // *Изменение положения женщины и семья*. – М.: Наука, 1977. – С.107.
- 19 Нишанбаева С.З. ЖОО студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудың әдіснамалық тұғырлары // *International Scientific Conference «Modern scientific challenges and trends»*. – Warsaw, 2018. – P.52-58.
- 20 Парсонс Т. Система современных обществ. – М.: Аспект-Пресс, 1997. – 270 с.
- 21 Москвичева Н.Л. Семья в системе ценностных ориентаций личности студента. дис.канд. психолог. наук. – Санкт-Петербург, 2000. – 165 с.
- 22 Бердяев Н.А. О человеке, его свободе и духовности. Избранные труды / Ред. сост. Л.И. Новикова и И.Н. Сиземская. – М.: Изд-во «Флинта», 1999. – 312 с.
- 23 Әлқожаева Н.С. Қазіргі кездегі білім беру парадигмалары контекстінде тұлғаның рухани дүниесін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері: Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 156 б.
- 24 Мудрик А.В. Вызовы глобального кризиса и новые проблемы социализации подростков // *Библиотека и чтение в структуре современного образования: материалы межрегиональной научной конференции*. – М.: Наука, 2009. – С.128-133.
- 25 Атемова Қ.Т. Қазақ отбасы тәрбиесінің даму тарихы. Монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – 351 б.
- 26 Rokeach M. *The Nature of Human Values*. – N.Y.: Free Press. 1973. – 438 p. <https://academic.oup.com>

МРНТИ: 14.35.07

Ш.С. Демисенова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>А.Байтұрсынов атындағы Қостанай аймақтық университет

**ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ  
ТӘЖІРИБЕСІ ТҰЛҒА ТОЛЕРАНТТЫҒЫ МЕН ЭТНОМӘДЕНИ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ РЕТІНДЕ**

*Аңдатпа*

Мақалада этникалық қатынастар саласында әлеуметтік-педагогикалық кеңес беру рөлі, оның ерекшеліктері және кеңес берушіге қойылатын талаптармен байланысты мәселелер қарастырылады. Ұлтаралық қатынастар мәселелері бойынша кеңес беру тарихы, кеңес берудің этикалық және эмпирикалық тәсілдемелері қысқаша сипатталды.

Этникалық қатынастар мәселелері бойынша кеңес беру кезіндегі кеңестік үрдіс ерекшеліктері баяндалды. Позитивті этникалық иденттілік пен толеранттылықтың, тұлғаның этномәдени құзы-

